Нәски, төс тартқыш тәрізді заттарды кір жуатын торға салып, басқа киімдерге қосып жуыңыз.

Төсек жайма тәрізді үлкен заттарды кір жуатын торға салып жумаңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, қалыптан тыс дірілдеу, адамның жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз.

- Егер кір жуғыш машина ішіне жиналып қалса, су ағып кетуі мүмкін.

Жуылатын киімдердің барлығының қалталарының бос екеніне көз жеткізіңіз.

- Тиын, түйреуіш, тырнақ, бұранда немесе тас тәрізді қатты, өткір заттар құрылғыға аса қатты зиян келтіруі мүмкін.

Үлкен қапсырмалары, түймелері бар немесе басқа ауыр темір зат тағылған киімдерді жумаңыз.

Кірді түсіне қарай жіктеп, ұсынылған цикл, су температурасы мен қосымша функцияларды таңдаңыз.

- Бұл түсінің түсуіне немесе матаның бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Есікті жапқан кезде балалардың саусақтары қыстырылып қалмау үшін абай болыңыз.

- Нұсқау орындалмаса, жарақат алуы мүмкін.

Оғаш иістер мен зеңнің алдын алу үшін, жуу циклінен кейін барабанды кептіру үшін есікті ашық қалдырыңыз.

Қақтың жиналуын болдырмас үшін, жуу циклінен кейін жуғыш зат салынатын қорапшаны ашық қалдырып, ішін құрғатыңыз.

Untitled-1 12 2021-12-20 5:00:38

Тазалауға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Құрылғыны оған тікелей су шашу арқылы тазаламаңыз.

Құрамында күшті қышқылы бар жуғыш затты пайдаланбаңыз.

Құрылғыны бензол, сұйылтқыш немесе спирт тәрізді заттармен тазаламаңыз.

- Себебі, құрылғының түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп немесе электр қатері орын алуы, өрт шығуы мүмкін.

Тазалау немесе жөндеу жұмыстарын орындар алдында, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Untitled-1 13 2021-12-20 5:00:38

Орнату

Кір жуғыш машина мінсіз жұмыс істеп, кір жуатын кезде адамға еш қатер төнбес үшін осы нұсқауларды мұқият орындаңыз.

Жинақтың құрамы

Өнімнің жинағында барлық бөлшектердің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер кір жуғыш машинаға немесе оның бөлшектеріне қатысты мәселе туындаса, жергілікті Samsung тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына немесе бөлшек сауда орталығына хабарласыңыз.



01 Автоматты диспенсер
02 Босатқыш тетік
03 Жуғыш зат үлестіргіш
04 Басқару панелі
05 Есік
06 Барабан
07 Қоқыс сүзгісі
08 Төтенше жағдайда су төгу түтігі
09 Сүзгінің қақпағы
10 Жұмыс алаңы
11 Қуат ашасы
12 Су төгетін түтік

Untitled-1 14 2021-12-20 5:00:38

13 Өзгермелі тірек

* Тартпаның және/немесе тетіктің дизайны үлгі түріне қарай әр түрлі болады.

Гайка кілті

Болт қақпақтары



Түтік бағыттағышы

Суық су түтігі

Ыстық су түтігі

Қақпақ бекіткіш

Керек-жарақтар (бірге жеткізілмейді)

- Қабаттап орнату жинағы
  - SKK-DF (WW**T5*****, WW7*T******, WW8*T6*****, WW8*T7*****, WW9*T6*****, WW9*T7***** Үлгілері ғана)
  - SK-DH (WW1*T******, WW8GT6*****, WW8*T6*6***, WW8*T7*6***, WW**T8*****, WW**T9*****, WW9*T6*6*** Үлгілері ғана)
  - SKK-UR (WW12T******, WW13T******, WW14T****** Үлгілері ғана)
  - Қабаттап орнату жинағы кептіргішті кір жуғыш машина үстіне орнату үшін қажет.

ЕСКЕРІМ

- Гайка кілті: Тасымалдау болттарын алуға және кір жуғыш машинаны деңгейлеуге арналған.
- Болт қақпақтары: Тасымалдау болттарын алған соң тесіктерді жабуға арналған. Болт қақпақтарының берілген нөмірлері (3 - 6) үлгіге байланысты.
- Түтік бағыттағышы: Су төгетін түтікті ағызу түтігіне немесе шұңғылшаға іліп қоюға арналған.
- Суық/ыстық су түтігі: Кір жуғыш машинаны сумен қамтамасыз етуге арналған. (Ыстық су түтіктері тек қолданылатын үлгілер үшін.)

Untitled-1 15 2021-12-20 5:00:39

Орнату

Орнатуға қойылатын талаптар

Электр қосылымы және жерге қосу

- Кір жуғыш машинаға арналған жеке айырып-қосқышты қолданыңыз.
- Электр тоғының соғу қаупін азайту үшін жерге тұйықталу қуат сымын алып тастамаңыз немесе өзгертпеңіз.
- Егер рәзеткеде жерге түйреуіш саңылауы болмаса, осы өніммен бірге берілген қосымша жерге қосатын сымды пайдаланыңыз.

Кір жуғыш машинаңыз, жерге дұрыс тұйықтау үшін жерге дұрыс қосылған розеткаға сұғуға арналған, үш істікшелі жерге қосылатын ашамен жабдықталған.

Жерге тұйықтауға қатысты күмәніңіз болса, білікті электршіге немесе қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.

Жинақпен берілген ашаға өзгеріс енгізбеңіз. Егер ол розеткаға сәйкес келмесе, дұрыс розетка орнату үшін білікті электршіні шақырыңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ**

- Ұзартқыш сымды ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Кір жуғыш машинамен бірге жеткізілетін қорек сымын ғана пайдаланыңыз.
- Жерге қосылатын сымды ешқашан пластик құбыр жүйесіне, газ жүйесіне не ыстық су құбырына ЖАЛҒАМАҢЫЗ.
- Жерге дұрыс тұйықталмаған өткізгіштер электр тоғын өткізуі мүмкін.

Сумен жабдықтау

Осы машинаға сай келетін су қысымы 50 кПа және 800 кПа арасында. Судың қысымы 50 кПа-дан төмен болса, су клапаны жабылмай қалуы немесе барабанға су ұзақ құйылып, нәтижесінде кір жуатын машина сөніп қалуы мүмкін. Су шүмектеріне машинамен бірге жеткізілген су құятын түтіктер жетуі үшін кір жуғыш машинаның арт жағынан 120см-ден қашық емес жерде орналасуға тиіс.

Су жылыстап ағу қаупін азайту үшін:

- Су шүмектеріне қол оңай жететініне көз жеткізіңіз.
- Кір жуғыш машинаны пайдаланбаған кезде шүмектерді жауып қойыңыз.
- Су құятын түтік фитинглерінен су жылыстап ағып тұрмағанын уақытылы тексеріңіз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Кір жуғыш машинаны ең алғаш пайдалану алдында, су клапанындағы және шүмектердегі барлық қосылымдарды тексеріп, су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Суды төгу

Samsung биіктігі 60-90 см тік құбырды пайдалануды ұсынады. Су төгетін түтікті түтік қапсырмасынан өткізіп, тік құбырға қосу керек және тік құбыр су төгетін түтікті толығымен жауып тұруы керек.

Untitled-1 16 2021-12-20 5:00:39

Еденге орналастыру

Кір жуғыш машинаның барынша тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін қатты еденге орнату керек. Ағаш еденге қойған кезде, діріл мен/не кірдің теңгерімі дұрыс сақталуы үшін еденді берік ету үшін қосымша жұмыстар жасау қажет болуы мүмкін. Кілем немесе жұмсақ қыш тақта төселген еден дірілге сонша төзімді емес және айналдыру циклі кезінде кір жуғыш машинаның ақырын жылжуына себеп болуы мүмкін.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Кір жуғыш машинаны тағанның үстіне немесе бос тұрған төсемге ОРНАТПАҢЫЗ.

Су температурасы

Кір жуғыш машинаны су қатып қалуы мүмкін жерге қоймаңыз, себебі кір жуғыш машинаның су клапандарында, сорғылары және/түтіктерінде әрқашан шамалы су қалып отырады. Қосылым бөлшектерінде қалған мұздаған су кір жуғыш машинаның таспаларына, сорғысы мен басқа да компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін.

Қаптамаға орнату

Тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сақталатын ең аз қашықтық:

Бүйір жақтары	25 мм
Үстіңгі жағы	25 мм
Артқы жағы	50 мм
Алдыңғы жағы	550 мм

Кір жуғыш машина мен кептіргішті бір жерге орнатсаңыз, қаптаманың алдыңғы жағында кемінде 550 мм ауа кіретін бос орын болуға тиіс. Кір жуғыш машинаның бір өзін жеке орнатсаңыз, ауа кіруге арналған бос орын қажет жоқ.

Untitled-1 17 2021-12-20 5:00:39

Орнату

Орнату қадамдары

ҚАДАМ: 1 Орын таңдау

Орынға қойылатын талаптар:

- Кілем төселмеген, желдетуге кедергі келтірмейтін қатты, тегіс еден
- Күн сәулесі тура түсетін жерден алыс
- Желдетуге және электр сымдарын төсеуге ыңғайлы бөлме
- Қоршаған орта температурасы әрқашан мұз қату температурасынан (0 °C) жоғары
- Қызу көзінен алыс

ЕСКЕРІМ

- Кір жуғыш машинаны пайдалану барысында шамадан тыс діріл пайда болмау үшін, оның орнықты орнатылуына барынша назар аударыңыз.
- Кір жуғыш машинаңызды орнықты және тегіс бетке орнатыңыз.
- Кір жуғыш машинаны жұмсақ едендерге немесе еден төсеніштерінің үстіне орнатпаңыз.
- Кір жуғыш машинаны ағаш еденге орнатсаңыз, еден үстіне суға төзімді ағаш панельді (қалыңдығы кемінде 1,18 дюйм / 30 мм) орнатыңыз. Сонымен қатар, кір жуғыш машинаны ағаш еденнің бұрышына орнатуды ұсынамыз.

ҚАДАМ: 2 Тасымалдау болттарын алу

Өнімнің орамын ашып, тасымалдау тетіктерін алыңыз.

ЕСКЕРІМ

Жинақпен берілген тасымалдау болттары үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Орам материалдарының барлығын (пластик қалталар, полистирол, т.с.с.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Жарақаттанып қалмау үшін, тасымалдау болттарын алған соң, болт қақпақтарымен тесіктерді жабыңыз. Тасымалдау болттары орнында болмаса, кір жуғыш машинаны қозғамаңыз. Кір жуғыш машинаны басқа орынға апармас бұрын тасымалдау болттарын жинақтаңыз. Тасымалдау болттарын кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Untitled-1 18 2021-12-20 5:00:39



1. Жуғыш машинаның артқы жағында орналасқан тасымалдағыш болттарды тауып (суретте дөңгелекпен белгіленген).

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Түтікшенің қапсырмасын бекітетін **бұранданы (A)** алмаңыз.

2. Берілген гайка кілтімен барлық тасымалдау болттарын сағат тіліне қарсы бұрап босатыңыз.

ЕСКЕРІМ

Тасымалдау болттарын кейін пайдалану үшін сақтап қою керек.



3. **Болт қақпақтарын (B)** саңылауларға (суретте дөңгелекпен белгіленген) салыңыз.

Untitled-1 19 2021-12-20 5:00:39

Орнату

ҚАДАМ: 3 Өзгермелі тіректерін реттеу



1. Кір жуғыш машинаны орнына абайлап сырғытып апарыңыз. Қатты күш салса, деңгейлеу тіректеріне зақым келуі мүмкін.
2. Кір жуғыш машинаның деңгейін өзгермелі тіректерді қолмен бұрап реттеңіз.



3. Деңгейлеу аяқталған кезде, гайка кілтімен гайкаларды қатайтыңыз.



⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Өнімді орнатып жатқанда деңгейлегіш аяқтардың қуат сымын басып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Кір жуғыш машина дірілге байланысты орнынан жылжып кетпеу немесе шуыл шығармау үшін, оның барлық деңгейлегіш тіректерінің еден бетіне тиіп тұрғанын тексеріңіз. Содан кейін кір жуғыш машинаның шайқалып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Кір жуғыш машина шайқалып тұрмаса, гайкаларды қатайтыңыз.

Untitled-1 20 2021-12-20 5:00:39

ҚАДАМ: 4 Су түтігін жалғау

Жинақпен берілген су түтігі үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін. Су түтігіне қатысты берілген нұсқауларды орындаңыз.

Бұрамалы су кранына жалғау



1. Су түтігін су кранына жалғаңыз да, оңға қарай бұрап қатайтыңыз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Су түтігін жалғау алдында түтік жалғағыштың резеңке шығырығы бар екеніне көз жеткізіңіз. Шығырығы болмаса немесе оған зақым келсе, онда түтікті пайдаланбаңыз.



2. Су түтігінің екінші ұшын кір жуғыш машинаның артында орналасқан су құятын клапанға жалғаңыз да, оны оңға қарай бұрап қатайтыңыз.



3. Судың шүмегін ақырындап ашыңыз да, қосылған жерлерден ешбір су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз. Су жылыстап аққанын байқасаңыз, 1-ші және 2-ші қадамдарды қайталаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ**

Су жылыстап ақса, кір жуғыш машинаны пайдалануды тоқтатыңыз да, электр көзінен ағытыңыз. Егер қосылымнан су ақса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе су кранынан су ақса, сантехникке хабарласыңыз. Бұлай істемеген жағдайда электр қатері орын алуы мүмкін.

Untitled-1 21 2021-12-20 5:00:40

Орнату

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Су құятын түтікті күшпен созбаңыз. Егер түтік тым қысқа болса, орнына ұзынырақ, жоғары қысым түтігін салыңыз.

Бұрамасыз су кранына жалғау



1. **(A) адаптерін** су **түтігінен (B)** алыңыз.



2. Адаптердің төрт бұрандасын босату үшін Phillips бұранда бұрағышын пайдаланыңыз.



3. Адаптерді ұстап тұрып, **(C) бөлігін** 5 мм-ге (*) босату үшін көрсеткі бағытымен бұраңыз.



4. Адаптерді су кранына кіргізіп, содан кейін адаптерді көтеріп тұрып, бұрандаларды қатайтыңыз.
5. **(C) бөлігін** қатайту үшін көрсеткі бағытымен бұраңыз.

Untitled-1 22 2021-12-20 5:00:40



6. Су түтігін **(D) бөлігін** төмен тартып тұрып адаптерге жалғаңыз. Содан кейін **(D) бөлігін** босатыңыз. Түтік сырт етіп адаптерге кіреді.

7. Су түтігін жалғауды аяқтау үшін "**Бұрамалы су кранына жалғау**" бөліміндегі 2 және 3-қадамдарын орындаңыз.

ЕСКЕРІМ

- Су түтігін адаптерге жалғағаннан кейін су түтігін төмен қарай тартып, оның дұрыс қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
- Жиі қолданылатын шүмек түрін пайдаланыңыз. Егер шүмек текше пішінді немесе тым үлкен болса, тығыздағыш шығырықты шүмекті адаптерге киргізбей тұрып алыңыз.

Қосымша ыстық су құятын түтігі бар үлгілер үшін:



1. Ыстық су түтігінің қызыл ұшын, кір жуғыш машинаның артында орналасқан ыстық су құятын клапанға жалғаңыз.
2. Ыстық су түтігінің екінші ұшын ыстық су шүмегіне жалғаңыз.

Untitled-1 23 2021-12-20 5:00:40

Орнату

Аква стоп түтігі (қол жетімді үлгілерге ғана қатысты)



Аква стоп түтігі пайдаланушыларға су ағу қаупі барын ескертеді. Ол судың ағысын сезеді және су аққан жағдайда **индикатордың (A)** ортасында қызыл болып жанады.

ЕСКЕРІМ

Аква стоп түтігінің ұшын машинаға емес, су шүмегіне жалғау керек.

Untitled-1 24 2021-12-20 5:00:40

ҚАДАМ: 5 Су төгетін түтікті орналастыру

Су төгетін түтікті үш түрлі тәсілмен орнатуға болады:



Ваннаның жиегінен асыра іліп қою

Су төгетін түтікті еденнен 60 см және 90 см (*) аралығындағы биіктікте орнату керек. Су төгетін түтіктің ұшын иілген қалпы ұстау үшін жинақпен бірге берілген **пластик түтік бағыттағышты (A)** пайдаланыңыз. Су тұрақты ағу үшін бағыттағышты қабырғаға ілгекті пайдаланып бекітіңіз.



Су төгетін түтіктің ішінде

Су төгетін түтік 60 см және 90 см (*) аралығында болуы керек. 65 см тік түтікті пайдалануды ұсынамыз.

- Су төгетін түтіктің өз орнында тұруын қамтамасыз ету үшін жинақпен бірге берілген пластик түтік бағыттағышты пайдаланыңыз (суретке қараңыз).
- Су төгіп жатқанда сифоннан су ағып кетпес үшін су төгетін түтікті су төгетін құбырға 15 см бойлата енгізіңіз.
- Су төгетін түтік жылжып кетпес үшін түтік бағыттағышты қабырғаға бекітіңіз.

Тік құбырға қойылатын талаптар:

- Диаметрі ең кемінде 5 см
- Ең аз өткізгіштігі минутына 60 литр

Untitled-1 25 2021-12-20 5:00:41

Орнату



Раковинаның су төгетін түтігінің тармағына бекіту

Су төгетін түтіктің ұшы жерден кем дегенде 60 см жоғары тұру үшін, су төгетін түтіктің тармағын раковина сифонынан биік орналастыру керек.

(*) : 60 см

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Раковинаның су төгетін түтігінің тармағындағы қақпақты алып, су төгетін түтікті жалғаңыз.

ҚАДАМ: 6 Электр желісіне қосу

Қорек сымының ашасын техникалық талапқа сай келетін, жерге қосылған және сақтандырғыш немесе айырып-қосқышпен қорғалған қабырғадағы розеткаға жалғаңыз. Содан кейін, кір жуғыш машинаны қосу үшін 3 секунд бойы ⏻ түймесін басып тұрыңыз.



ЕСКЕРІМ

Есіктің ысырмасы (иінтірек) (A) бастапқыда оны аздап босатуға арналған, себебі бұлай жасау есіктің ысырмасын есікке кірістіруге оңай қылады.

ЕСКЕРІМ

Егер орнату барысында есік құлыптаулы болса, қуат сымын қосып, қуатты қосыңыз. Есік ашылады.

Untitled-1 26 2021-12-20 5:00:41

Іске кірісу алдында

ЕСКЕРІМ

Ең алғаш рет кір жуар алдында барабан іші бос болып, толық жуу циклын орындау керек. Дисплей басқару ықпалына жауап бермеген жағдайда. Жапсырманы алып тастаңыз.

Бастапқы орнату

- Кір жуғыш машинаны ең алғаш рет іске қосқанда, оның экранында параметрлерді бастапқы орнату мүмкіндігі пайда болады. Экрандағы нұсқауларды соңына дейін орындаңыз.
- Параметрлерді бастапқы орнату үдерісі аяқталған соң бұл қадам қайталанбайды. Бастапқы орнатуды аяқтау үшін жуу циклын кем дегенде бір рет орындау керек.
- Параметрлерді бастапқы орнату қадамында тіл таңдау, калибрлеу әрекеттері орындалып, қысқаша нұсқаулық көрсетіледі.
- Келесі ○ экранға өту үшін **Шарлау тетігін** түрту немесе бұрау керек.

Калибрлеу функциясын қосу

- Параметрлерді бастапқы орнату кезінде тілді таңдағаннан кейін калибрлеу үдерісі пайда болады. Кір жуғыш машинаны пайдалану алдында калибрлеу қадамын орындау керек.
- Барабанды босатыңыз да, калибрлей бастау үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.
- Калибрлеу қадамы аяқталғаннан кейін қуат көзі ағытылып, содан кейін қайта қосылады.
- Қайта калибрлегіңіз келсе, түймесін жүйе функциясына кіру үшін 3 секунд басыңыз да, **Калибрлеу** функциясын таңдаңыз.

01 Тіл таңдау	**02** Калибрлеу	**03** Қош келдіңіз экраны
Русский Українська Поверните рег. и нажмите O	Барабанды калибрлеу алдында босатыңыз [Өткізуге O түймені түрт]	Қош келдіңіз!
04 Нұсқаулық		
Жаңа кір жуғыш мәшинеңізді қарап шығайық! [Өткізуге O түймені түрт]	Сіздің ЖИ кір жуғышыңыз! Дайын!	

Untitled-1 27 2021-12-20 5:00:41

Іске кірісу алдында

Кір жуу туралы кеңес

ҚАДАМ: 1 Сұрыптау

Кірді төмендегі белгілері бойынша сұрыптаңыз:

- Затбелгі: Кірді мақта мата, аралас мата, синтетика, жібек мата, жүн мата және жасанды талшық түрлеріне бөліп сұрыптаңыз.
- түсі: Ақ киімдерді түрлі түсті киімдерден бөліңіз.
- Көлемі: Барабанға әр түрлі киімдерді араластырып салғанда жуу нәтижесі жақсарады.
- Нәзіктік: Нәзік матадан жасалған заттарды, таза, жаңа жүн мата, перде және жібек матаға арналған баппен жуу циклымен жеке жуыңыз. Жуылатын киімдердің затбелгілерін қараңыз.

ЕСКЕРІМ

Киімдердің затбелгілерін міндетті түрде қарап, жуу алдында тиісінше сұрыптаңыз.

ҚАДАМ: 2 Қалталарды босату

Киімдердің барлығының қалталарын босатыңыз.

- Киімдегі тиын, түйреуіш және қапсырма тәрізді темір заттар басқа киімдерге, сонымен қатар барабанға зақым келтіруі мүмкін.

Түймелері және жиектемелері бар киімдердің астарын сыртына аударыңыз.

- Шалбарлардың немесе күртешелердің тартпалары жуған кезде салынбай тұрса, барабанға зақым келуі мүмкін. Тартпаларды салып, баумен бекіту керек.
- Ұзын бауы бар киімдер басқа киімдерге байланып қалуы мүмкін. Киімнің бауларын жумай тұрып міндетті түрде байлаңыз.

ҚАДАМ: 3 Кір жууға арналған торды пайдалану

- Төс тартқышты (машинамен жуылатын) кір жууға арналған торға салу керек. Төс тартқыштың темір бөліктері тесіп, басқа кірлерді бүлдіруі мүмкін.
- Нәски, қолғап, шұлық және бет орамал тәрізді кішкене, жеңіл заттар есіктің арасына қыстырылып қалуы мүмкін. Оларды кір жууға арналған торға салыңыз.
- Кір жууға арналған торды кір салмай жумаңыз. Себебі машина қалыптан тыс дірілдеп, орнынан жылжып, адам жарақат алуы мүмкін.

ҚАДАМ: 4 Алдын ала жуу (қажет болса)

Кір қатты кірлеген болса, таңдалған цикл үшін Алдын ала жуу опциясын таңдаңыз. Жуғыш зат барабанға қолдан салынған болса, Алдын ала жуу функциясын пайдаланбаңыз.

Untitled-1 28 2021-12-20 5:00:41

ҚАДАМ: 5 Салынатын кірдің мөлшерін анықтау

Кір жуғыш машинаны шамадан тыс толтырмаңыз. Өте көп кір салынса, кір жуғыш машина дұрыс жумауы мүмкін. Киім түрлеріне арналған салмақ мөлшерін **38**-беттен қараңыз.

ЕСКЕРІМ

Төсек жабдығын немесе төсек жапқыштарды жуғанда, жуу уақыты ұзаруы немесе айналдыру тиімділігі төмендеуі мүмкін. Төсек жабдықтарын немесе ақжаймаларды жуу үшін ұсынылатын ең үлкен айналдыру циклы 800 мин/айн және салмақ 2,0 кг немесе бұдан аз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер кірдің теңгерімі жоқ болса, айналдыруға әсер етеді.
- Барабанға кір толтырыла салынып, есікке қыстырылмай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Есікті қатты жаппаңыз. Есікті баппен жабыңыз. Әйтпесе, есік дұрыс жабылмауы мүмкін.

ҚАДАМ: 6 Дұрыс жуғыш зат түрін пайдалану

Жуғыш заттың түрі матаның түріне (мақта мата, синтетика, нәзік мата, жүн мата), түсіне, жуу температурасына және қаншалықты кірлегеніне байланысты. Автомат кір жуғыш машиналарға арналған жуғыш заттарды пайдаланыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Жуғыш затты өндіруші нұсқауларын кірдің салмағын, қаншалықты кірлегенін және аймағыңыздағы судың кермектігін ескере отырып орындаңыз. Судың қаншалықты кермек екенін білмесеңіз, жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Жентектеліп немесе қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз. Бұндай жуғыш зат шаю циклынан кейін қалып, су төгетін түтікті бітеп тастауы мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүн матаны Тоқыма циклымен жуғанда, жүн матаға арналған арнайы жуғыш затты ғана пайдаланыңыз. Тоқыма циклында ұнтақ жуғыш затты пайдалансаңыз, киімге жұғып, бояуы оңып кетуі мүмкін.

Untitled-1 29 2021-12-20 5:00:42

Іске кірісу алдында

Кір жууға арналған капсулалар

Кір жууға арналған капсулаларды қолданып, ең үздік нәтижеге қол жеткізу үшін мына нұсқауларды орындаңыз.



1. Капсуланы бос тұрған барабанның астыңғы артқы жағына салыңыз.



2. Кірді барабанның ішіне капсуланың үстіне салыңыз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Суық суды пайдаланатын циклдарда немесе бір сағатқа жетпей аяқалатын циклдарда капсула толық ерімеуі мүмкін.

Untitled-1 30 2021-12-20 5:00:42

Жуғыш зат үлестіргішіне қатысты нұсқаулар

Автоматты үлестіргіші бар үлгілер үш бөліктен тұратын үлестіргішпен жабдықталған: автоматты түрде үйлестіруге арналған және қолмен салу үшін екі бөлім. Автоматты түрде үйлестіру опциясы қосылған кезде, кір жуғыш машина әр жүктеме үшін жеткілікті мөлшерде жуғыш зат немесе мата жұмсартқыш шығарады. Төмендегі толық ақпаратты қараңыз:



A. **Автоматты жуғыш зат қорапшасы**:
   - Сұйық жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.
B. **Автоматты жұмсартқыш зат қорапшасы**:
   - Мата жұмсартқышты ғана пайдаланыңыз.
C. **Қолмен жуғыш зат қорапшасы**:
   - Қажет болса, жуғыш затты өндіруші нұсқауларына сай қолдан қосыңыз. Бұл бөлімде ұнтақ және сұйық жуғыш заттарды қолдануға болады.
   - Бұл бөлімде жуғыш затты қолдану үшін автоматты түрде үйлестіру опциясы сөндірілгеніне көз жеткізіңіз. (Авто-мөлшерлеуді өшіру туралы қосымша ақпаратты **42**-беттегі "**Қалып: жуу**" және "**Қалып: шаю**" бөлімдерінен қараңыз.
   - Жуғыш затты қосқанда **макс. сызығынан (D)** асырмаңыз.



⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Шамадан тыс жуғыш зат қоспаңыз. Бұл жуу нәтижелеріне кері әсер етуі мүмкін.
- Барабанды тазалау үшін ешбір жуғыш зат пайдаланбаңыз. Барабанда қалған химиялық заттардың қалдықтары жууға тиімділігіне әсер етеді.

Untitled-1 31 2021-12-20 5:00:42

Іске кірісу алдында

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Кір жуғыш машинаны жуғыш зат үлестіргішінде орнатылмаған бөліктермен жұмыс жасамаңыз.
  - Судың ағуынан электр тоғының соғу қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.
- Келесі жуғыш заттарды үлестіргішке салып пайдаланбаңыз.
  - Таблетка, капсула, шарик немесе тор тәрізділер.
- Жуғыш зат үлестіргішінде гель түріндегі немесе тұтқыр жуғыш заттарды/жұмсартқыштарды қолданбаңыз, себебі олар дұрыс ақпауы мүмкін.
  - Кір жуғыш машинада қолданар алдында жуғыш зат/жұмсартқыш өндірушінің нұсқауларын оқып шығыңыз.
- Алынған бөлікті алып жүрмеңіз. Бөлікті орнына қайта қойыңыз.
  - Әйтпесе бөлік шайқалып ішіндегісі төгіліп қалуы мүмкін.
- Кір жуғыш машинаны жылжытпас бұрын, ішіндегісі еденге төгіліп кетпес үшін, жуғыш зат үлестіргішіндегі бөлімдерді босатыңыз.
- Мата жұмсартқышын жұмыс бетіне немесе басқару панеліне төгіп алмау үшін абай болыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Егер жуғыш зат үлестіргіші толығымен жабылмаған болса, "**Жуғыш зат үлестіргіші ашық**" деген хабарлама шығады. Кір жуғыш машина жұмысын бастамас бұрын жуғыш зат үлестіргішін жабыңыз.
- Егер дисплейде "**Жуғыш затты қосыңыз**", "**Жұмсартқышты қосыңыз**" немесе "**Жуғыш пен жұмсартқ. қос.**" хабарламасы пайда болған жағдайда, сол бөлімге еселеп құйыңыз. Жуғыш зат немесе жұмсартқышты қосқаннан кейін, еселеп құю туралы ескерту кір жуғыш машина циклды аяқтағаннан кейін жоғалады.
- Жүн матаны жуу циклі кезінде жуғыш зат/жұмсартқыш зат автоматты түрде берілмейді. Жүн матаны жуу циклында жуғыш затты/жұмсартқыш затты ағызу үшін жуғыш заттың/жұмсартқыш заттың деңгейін қолмен орнату керек.
- Арнайы жуғыш зат немесе жұмсартқыш үшін (жүнді мата, балалар киімі және т.б. үшін) қосымша бөліктер сатып алыңыз және жаңа бөлімдерді тек арнайы жуғыш зат немесе жұмсартқыш үшін пайдаланыңыз.
- Жуғыш зат үлестіргішін саусақ ұшымен ғана ашу қиын болуы мүмкін. Жуғыш зат үлестіргішінің тұтқасынан мықтап ұстап, ашыңыз.
- Жуғыш зат үлестіргішін жабу үшін толығымен итеріңіз. Үлестіргіш дұрыс жабылған кезде сіз шерту дыбысын естисіз.
- Егер сізге жұмсартқыштың иісі әлсіз болып көрінсе, жұмсартқыштың деңгейін Жоғары деңгейге қойыңыз.
- Жуғыш және жұмсартқыш бөлімдерінің саңылауларын тексеріп, қақпақтарын ашыңыз, содан кейін MAX сызығына дейін жуғыш зат пен жұмсартқышпен толтырыңыз.
- Жуғыш зат пен жұмсартқыш қоспасын пайдаланбаңыз.
- Жуғыш зат ыдысын әрқашан қақпағы жабық күйде ұстаңыз.

Автоматты үлестіргішке жуғыш зат салу

ЕСКЕРІМ

- Егер дисплейде "**Жуғыш затты қосыңыз**", "**Жұмсартқышты қосыңыз**" немесе "**Жуғыш пен жұмсартқ. қос.**" хабарламасы пайда болған жағдайда, сол бөлімге еселеп құйыңыз.

Untitled-1 32 2021-12-20 5:00:42

- Автоматты жуғыш зат/жұмсартқыш зат бөлімдерін толтырғаннан кейін, кір жуғыш машина сіз ▷‖ түймесін басып және ұстап тұрған кезде жуғыш заттың/жұмсартқыштың мөлшерін анықтай бастайды.
  - Анықтау уақыты жуғыш заттың/жұмсартқыштың түріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.



1. Жуғыш зат үлестіргішін ашыңыз.
2. **Автоматты жуғыш зат қорапшасының қақпағын (A)** сағат тіліне қарсы бұрап ашыңыз.



3. **Автоматты жуғыш зат қорапшасына (B)** жуғыш заттың тиісті мөлшерін құйыңыз.
   - Аяқтағаннан кейін, қақпақты орнына қойып, жабу үшін сағат тілімен бұраңыз.



4. **Автоматты жұмсартқыш зат қорапшасының қақпағын (C)** сағат тіліне қарсы бұрап ашыңыз.



5. **Автоматты жұмсартқыш зат қорапшасына (D)** мата жұмсартқыштың тиісті мөлшерін жағыңыз.
   - Аяқтағаннан кейін, қақпақты орнына қойып, жабу үшін сағат тілімен бұраңыз.
6. Жуғыш зат үлестіргішін жабу үшін оны басыңыз.
   - Жуғыш зат үлестіргішін жабу үшін ішке қарай итеріңіз. Үлестіргіш дұрыс жабылған кезде сіз шерту дыбысын естисіз.

Untitled-1 33 2021-12-20 5:00:43

Іске кірісу алдында

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жуғыш/жұмсартқыш бөлігі жоқ үлестіршішке жуғыш зат/жұмсартқыш зат қолданбаңыз.
  - Егер бұлай істесеңіз, үлестіргішті тазалап, екі бөлігін де қайта салыңыз.
- Жуғыш зат/жұмсартқыш бөлімдерінде тек сұйық жуғыш затты/жұмсартқышты қолданыңыз. Ұнтақ жуғыш затты қолданбаңыз.
- Жуғыш/жұмсартқыш бөліктердің екеуі де толық салынғанына көз жеткізіңіз.
  - Егер салынбай тұрса, кір жуғыш машина жұмысын бастамауы немесе жуғыш заттарды құймауы мүмкін.
- Жуғыш зат/жұмсартқыш бөлігін сол немесе басқа түрдегі жуғыш зат немесе жұмсартқышпен толтырар алдында тазалаңыз.
- Жуғыш зат/жұмсартқышты жуғыш зат/жұмсартқыш бөлімдерінде 6 аптадан артық қалдырмаңыз.
- Екі бөлікте де мата жұмсартқыш пен жуғыш затты өзара араластырмау керек.
- Жуғыш заттың/жұмсартқыштың қатаюына жол бермеу үшін, жуғыш затты/жұмсартқышты бөлікке қолданғаннан кейін қақпақты ашпаңыз.
- Коррозияға ұшырайтын және/немесе газ шығаратын ағартқышты пайдаланбаңыз.
- Диспенсерді төңкеріп пайдаланбаңыз.
  - Ішіндегісі төгіліп қалуы мүмкін.
- Екі бөлікті де жылжыту барысында артқы жақтарындағы құю саңылауларын баспаңыз.
  - Ішіндегісі ағуы мүмкін.
- Құрылғының тиісті бөліктеріне жуғыш затты немесе мата жұмсартқышты абайлап салыңыз.
  - Ішіндегісі төгіліп қалуы мүмкін.
- Қалған ішіндегі затты тексеру үшін жуғыш зат/жұмсартқыш затты алып тастағанда (қате туралы хабарлама шыққаннан кейін немесе хабарлама шыққанға дейін), ішіндегә зат үлестіргіш ішінде қалуы немесе оның төменгі жағынан ағып кетуі мүмкін.
- Кір жуғыш машинаны жылжытпас бұрын жуғыш зат үлестіргішіндегі барлық бөліктердің бос екендігіне көз жеткізіңіз.
- Жуғыш затты/жұмсартқышты қосу немесе қосу деңгейі қалған жуғыш заттың/жұмсартқыштың түріне немесе мөлшеріне байланысты.
- Егер дисплейде "**Жуғыш затты қосыңыз**", "**Жұмсартқышты қосыңыз**" немесе "**Жуғыш пен жұмсартқ. қос.**" хабарламасын көрсеңіз, тез арада сол бөлімге еселеп құйыңыз. Кешіктіріп толтырғанда жуғыш заттың деңгейі төмендеуі мүмкін.
- Жуғыш затты тікелей кірге қолдану оның түсін кетіреді. Жуғыш зат бөлігіне жуғыш затты құйыңыз.
- Қатып қалған жуғыш затты/жұмсартқыш затты қолданбаңыз.

ЕСКЕРІМ

- Ұнтақ жуғыш зат бөлігіндегі ылғал ұнтақ жуғыш заттың жабысып қалуына әкеледі. Сондықтан ұнтақ жуғыш зат қоспас бұрын ылғалды құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Кір жуғыш машинаңызға тек жуғыш зат пен ағартқышты қолданыңыз.
- Жуғыш зат үлестіргішінде гель түріндегі немесе тұтқыр жуғыш заттарды/жұмсартқыштарды қолданбаңыз, себебі олар дұрыс ақпауы мүмкін.
  - Кір жуғыш машинада қолданар алдында жуғыш зат/жұмсартқыш өндірушінің нұсқауларын оқып шығыңыз.

Untitled-1 34 2021-12-20 5:00:43

Іске пайдалану

Басқару панелі



01 Қуат ⏻	Кір жуғыш машинаны қосу немесе сөндіру үшін түртіңіз. • Кір жуғыш машинаны іске қосқаннан кейін басқару панелін 10 минут бойы қолданбасаңыз, кір жуғыш машина автоматты түрде сөніп қалады. • Цикл аяқталғаннан кейін кір жуғыш машина автоматты түрде сөнеді. ⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ** Жуу циклы орындалып тұрғанда кір жуғыш машинаны сөндіру үшін ⏻ түймесін баспаңыз. Әуелі ▷|| түймесін басып циклды үзіліске қойыңыз да, содан кейін ⏻ түймесін басып кір жуғыш машинаны сөндіріңіз.
02 Шарлау тетігі	Циклдар мен функцияларды шарлау үшін шарлау тетігін солға немесе оңға айналдырыңыз. Шарлау тетігін бұраған кезде СК дисплейінде таңдаған параметріңіз (мысалы, цикл, қосымша функциялар және жүйе функциялары) көрсетіледі.
03 Бастау/Үзіліс ▷||	Әрекетті бастау немесе үзе тұру үшін осы түймені басыңыз.
04 Дисплей	Дисплейде ағымдық цикл ақпараты және цикл соңына дейін қалған болжамды уақыт, ал егер ақау пайда болса, ақпарат коды көрсетіледі. **ЕСКЕРІМ** Нақты жуу уақыты цикл таңдалған кезде басқару тақтасында көрсетілген уақыттан өзгеше болуы мүмкін.
05 OK ◯	Таңдаған функция немесе параметрді растау үшін басыңыз.
06 Темп.	Таңдалған цикл суының температурасын өзгерту үшін басыңыз. • Түйменің үстіңгі жағындағы индикатор әдепкі немесе таңдалған параметрді көрсетеді.
07 Шаю	Таңдалған цикл үшін шаю циклдарының санын өзгерту үшін басыңыз. • Түйменің үстіңгі жағындағы индикатор әдепкі немесе таңдалған параметрді көрсетеді.

Untitled-1 35 2021-12-20 5:00:43

Іске пайдалану

08 Айналдыру	Таңдалған цикл үшін айналдыру жылдамдығын өзгерту үшін басыңыз. • Түйменің үстіңгі жағындағы индикатор әдепкі немесе таңдалған параметрді көрсетеді.
09 Қосымша функциялар	Қосымша функциялар мәзіріне кіру үшін түртіңіз. Жүйе функцияларының мәзіріне кіру үшін 3 секунд басып тұрыңыз.
10 Smart Control	Smart Control функциясын қосу немесе сөндіру үшін осы түймені басыңыз. SmartThings қолданбасына қосылу үшін жұптастыру режиміне кіру мақсатында басып тұрыңыз. • Smart Control функциясы қосылғанда, кір жуғыш машинаңызды смартфон немесе планшетке (Android немесе iOS) орнатылған SmartThings қолданбасы арқылы қашықтан басқара аласыз.

Таңба сипаттамалары

	Wi-Fi	• Бұл таңба кір жуғыш машинаның Wi-Fi желісіне қосылғанын көрсетеді.
	Smart Control	• Бұл белгі Smart Control функциясының қосулы тұрғанын көрсетеді. • Smart Control туралы қосымша ақпаратты **47**-беттен қараңыз.
	Есік бекітпесі	• Бұл таңба есіктің бекітіліп тұрғанын және ашылмайтынын көрсетеді. • Цикл кезінде есік автоматты түрде бекітіліп, осы индикатор жанып тұрады. • Есікті осы белгі көрінбей кеткенде ашуыңызға болады.
	Балалардан бұғаттау	• Бұл белгі Балалардан бұғаттау функциясының қосылып тұрғанын көрсетеді. • Балалардан бұғаттау туралы қосымша ақпаратты **43**-беттен қараңыз.

Untitled-1 36 2021-12-20 5:00:43

Циклды қолдану



1. Кір жуғыш машинаны қосу үшін ⏻ түймесін басыңыз.
2. Қажетті циклды таңдау үшін **Шарлау тетігін** бұраңыз.
   - **Циклға шолу жасау** туралы қосымша ақпаратты **38**-беттен қараңыз.
3. Циклдың әдепкі параметрлерін өзгерту үшін 🌡, 🧺 немесе ◎ түймесін түртіңіз.
4. Қосымша функцияны таңдау үшін әуелі ☝+ түймесін түртіп, содан кейін **Шарлау тетігін** бұраңыз.
   - **Қосымша функциялар** туралы қосымша ақпаратты **41**-беттен қараңыз.
5. Таңдалған қосымша функцияның параметрлерін өзгерту үшін ○ түймесін түртіңіз.
   - Қосымша функциялар циклдардың барлығында бірдей қолжетімді емес.
6. Әрекетті бастау үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.
   - Қалаған циклды орнатып алғаннан кейін экранда циклдың қысқаша сипаттамасы, салынатын кірдің ең үлкен салмағы және цикл уақыты көрсетіледі. Сонымен қатар циклдың орындалу үдерісін, соңына дейін қалған уақытын және ақпарат кодын тексеруге болады.

Untitled-1 37 2021-12-20 5:00:44

Іске пайдалану

Циклға шолу жасау

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)	
		12 / 13 кг	10 / 9,5 / 9 / 8 кг
Мақта	• Мақта мата, төсек жаймалары, үстел жапқыштар, сүлгілер немесе жейделер. Жуу уақыты мен шаю циклдарының саны салмаққа байланысты автоматты түрде қойылады. • Болмашы кірленген мақта мата заттарын 20 °C номинмалды температурада жууға арналған	Макс.	Макс.
ЖИ жуу (WW**T*9****, WW**T*4**** үлгілері ғана)	• Жуғыш заттың мөлшері мен циклды кір салынымына және кірлеу деңгейіне қарай реттейді. Бұл циклды Авт. түрде төгу функциясымен пайдаланған өте оңтайлы.	Макс.	Макс.
Жылдам жуу 15'	Шамалы кірлеген, 2,0 кг-нан аз кірді жылдам жууға арналған. • 20 г-на аз жуғыш зат пайдаланыңыз. 20 г-нан көп жуғыш зат пайдалансаңыз, жуғыш заттың дағы қалуы мүмкін. • Сұйық жуғыш зат пайдалансаңыз, ең көбі 20 мл сұйық жуғыш зат пайдаланыңыз.	2	2
Super Speed (WW**T9*****, WW**T8*****, WW**T7*****, WW**T6*****, WW**TP***** үлгілері ғана)	• Іш киім және жейде тәрізді күнделікті киілетін киімдерді жылдам жууға арналған. • Цикл уақыты сумен жабдықтау жағдайларына және салынған кірдің салмағына және түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.	5	5
Супер үнемді	• Төмен температурада жуатын эко көпіршік циклы пайдаланылатын қуатты үнемдеуге көмектеседі.	4	4
E-Мақта	• Мақта мата, төсек жабдықтары, үстел жапқыштар, іш киім, сүлгілер немесе жейделерге арналған, қуатты азырақ пайдаланатын оңтайлы функция. • Қуатты үнемдеу үшін нақты жуу температурасы көрсетілгеннен төмен болуы мүмкін.	Макс.	Макс.
Синтетика	• Полиэстер (диолен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа ұқсас талшықтардан жасалған маталарға, т.с.с. заттарға арналған.	6	4

Untitled-1 38 2021-12-20 5:00:44

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)	
		12 / 13 кг	10 / 9,5 / 9 / 8 кг
Нәзік мата	• Үлбіреген мата, төс тартқыш, әйелдердің іш киімі (жібек) және басқа тек қолмен ғана жуылуға тиіс маталарға арналған. • Тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты ғана пайдаланыңыз.	2	2
Сүлгілер	• Ванна сүлгілері, сүрткіштер мен төсеніштерге арналған.	4	4
Төсек-орын	• Көрпе қап, ақжайма, көрпе жапқыш т.с.с. • Жақсы нәтижеге жету үшін тек 1 ғана төсек жаймасының түрін жуыңыз.	2,5	2
Жейделер	• Мақта мата, синтетика талшықтардан жасалған жейде, блузаларға арналған.	2	2
Бумен өңдеу	• Іш киім тәріздес денеге тура киілген мақта және зығыр матадан жасалған заттарға арналған. • Гигиенаны жоғары деңгейде ұстау үшін 60 °C немесе бұдан жоғары температураны таңдаңыз. • Аллергияға және бактерияға қарсы бу циклдары (зарарсыздандыру).	6	4
Жүн	• Машинамен жууға болатын жүн мата заттарға арналған. • Жүн мата циклы жүн матаның талшықтарын отырып/бұратылып қалудан қорғау үшін баппен шайқап және жібіте отырып жуады. • Бейтарап жуғыш затты пайдалануды ұсынамыз.	2	2
Сырт киім	• Функциональдық технология негізінде жасалған спандекс, стреч, микро-талшықтан жасалған далада киетін, шаңғы киімдеріне және спорт киімдеріне арналған.	2	2
Спорттық киім	• Бұл циклды спорт киімдерін, жаттығу шалбарларын, футболка/топиктерін және басқа спорт киімдерін жуу үшін пайдаланыңыз. Бұл цикл барабан айналысын бақылай отырып матаға арнайы күтім көрсету арқылы ластықты оңтайлы түрде арылтады.	2	2
Түсті киім	• Кірді баппен жуып, мұқият шаю үшін қосымша шаю циклдары мен қысқа айналдыру циклын пайдаланады.	4	4

Untitled-1 39 2021-12-20 5:00:44

Іске пайдалану

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)	
		12 / 13 кг	10 / 9,5 / 9 / 8 кг
Джинса	• Негізгі жуу және қосымша шаю циклдарында, кірде ешбір ұнтақ жуғыш зат қалмау үшін су деңгейін жоғары пайдаланатынымен ерекшеленеді.	3	3
Балалар киімдері	• Жоғары температурада, жуғыш заттың қалғанын тиімді кетіру үшін қосымша шаю циклдарымен жуады.	6	4
Үнсіз жуу	• Жұмыс барысындағы шуыл мен дірілді азайтады.	4	4
Аралас жүктеме (WW**T5***** үлгісі ғана)	• Мақта мата және синтетика аралас маталарға арналған.	5	4
Бұлтты күн	• Ылғалдылығы өте жоғары жерлерде барынша оңтайлы түрде айналдырып кептіруге арналған.	Макс.	Макс.
Шаю + Айналдыру	• Кірге мата жұмсартқышты қосқаннан кейін қолданылатын қосымша шаю циклын қамтиды.	Макс.	Макс.
Суды төгу/Айнал.	• Суды барабан ішінен ағызып, жуылған заттардан ылғалды тиімді түрде жою үшін қосымша айналдыру процесін іске қосуға арналған.	Макс.	Макс.
Барабанды тазалау+ (WW**T9*****, WW**T8*****, WW**T7*****, WW**T6*****, WW**TP***** үлгілері ғана)	• Барабандағы қоқысты және бактерияны арылта отырып тазалайды. • Есіктің резеңке тұмшалағышындағы қоқысты арылта отырып тазалайды. • Ешбір жуғыш немесе ағартқыш затты пайдаланбай әр 40 жуу циклынан кейін қосыңыз. Әр 40 жуудан кейін ескертпе хабар шығады. • Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз. • Барабанды тазалау үшін ешбір жуғыш зат пайдаланбаңыз.	-	-
Барабанды тазалау (WW**T5***** үлгісі ғана)	• Барабандағы қоқысты және бактерияны арылта отырып тазалайды. • Ешбір жуғыш немесе ағартқыш затты пайдаланбай әр 40 жуу циклынан кейін қосыңыз. Әр 40 жуудан кейін ескертпе хабар шығады. • Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз. • Барабанды тазалау үшін ешбір жуғыш зат пайдаланбаңыз.	-	-

Untitled-1 40 2021-12-20 5:00:44

Қосымша функциялар

Қосымша функцияларды пайдалану

1. түймесін басыңыз.
2. Қалаған қосымша циклыңызды таңдау үшін **Шарлау тетігін** бұраңыз.
3. Таңдаған функция параметрлерін өзгерту немесе функцияны бастау үшін түймесін басыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Негізгі экранға қайту үшін түймесін қайта басыңыз немесе **Шарлау тетігін** бұрап, **Артқа** пәрменін басыңыз да, түймесін түртіңіз.
- Таңдалған функцияға қолжетімсіз болса, экранда "**Бұл функцияға әзірше қолжетімсіз**" хабары пайда болады да, түймесі белсенді күйге көшпейді.
- Қосымша функцияны таңдап, оны алғашқы он рет пайдаланған кезде қысқаша көмекші хабар көрінеді.

Quick Drive (WW**T7*****, WW**TP***** үлгісінде ғана)

Таңдалған цикл параметрлерінің жалпы жуу уақытын азайтуға болады.

Quick Drive белгілі бір циклдарда қол жетімді болмауы мүмкін.

1. Циклды таңдаңыз да, оның параметрлерін қажетінше өзгертіңіз.
2. түймесін басыңыз.
3. **Шарлау тетігін** бұрап, **Quick Drive** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
4. ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.

Алдын ала жуу

Негізгі жуу циклының алдына алдын ала жуу циклын қосуға болады.

1. Циклды таңдаңыз да, оның параметрлерін қажетінше өзгертіңіз.
2. түймесін басыңыз.
3. **Шарлау тетігін** бұрап, **Алдын ала жуу** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
4. ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.

Қарқынды жуу

Қатты ластанған киімдерге арналған. Әр циклдың жұмыс жасау уақыты әдеттегіден ұзағырақ.

1. Циклды таңдаңыз да, оның параметрлерін қажетінше өзгертіңіз.
2. түймесін басыңыз.
3. **Шарлау тетігін** бұрап, **Қарқынды жуу** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
4. ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.

Untitled-1 41 2021-12-20 5:00:44

Іске пайдалану

Көпіршікті жібіту

Бұл функция әр түрлі қатып қалған дақтарды тазалауға көмектеседі. Көпіршікпен жібіту таңдалған кезде су көпіршіктері кірге мұқият сіңіп, оны тиімді жууға көмектеседі.

1. Циклды таңдаңыз да, оның параметрлерін қажетінше өзгертіңіз.
2. түймесін басыңыз.
3. **Шарлау тетігін** бұрап, **Көпіршікті жібіту** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
   - Көпіршікпен жібіту мына функцияларда қолжетімді және бұлардың уақытын шамамен 30 минутқа дейін ұзартады: Мақта, Синтетика, Төсек-орын және Аса жылдам.
4. түймесін басып тұрыңыз.

Қалып: жуу

Автоматты түрде шығарылатын жуғыш зат мөлшерін көбейтуге немесе азайтуға болады.

1. түймесін басыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Қалып: жуу** параметрін таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
3. Қажетті параметрді таңдау үшін түймесін басыңыз.
   - Әдепкі параметрі Орт. (Орташа).
   - Орт., Көп, Өшіру немесе Аз функцияларын таңдаңыз.

Қалып: шаю

Автоматты түрде шығарылатын жуғыш зат мөлшерін көбейтуге немесе азайтуға болады.

1. түймесін басыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Қалып: шаю** параметрін таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
3. Қажетті параметрді таңдау үшін түймесін басыңыз.
   - Әдепкі параметрі Орт. (Орташа).
   - Орт., Көп, Өшіру немесе Аз функцияларын таңдаңыз.

Менің циклдерім

Өз циклдарыңыздың тізімін жасау үшін оған циклдарды қосуға немесе шығаруға болады.

1. түймесін басыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Менің циклдерім** тізімін таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
   - Өз циклдарыңыздың тізімін жасау үшін циклдарды тек кір жуғыш машина жұмыс істемей тұрғанда ғана өңдей аласыз.
3. Қажетті циклды таңдау үшін **Шарлау тетігін** бұраңыз.
4. Таңдалған циклды тізімге қосу немесе одан шығару үшін түймесін түртіңіз.
   - Тізімге цикл қосу немесе одан шығару әрекеттері автоматты түрде сақталып отырады.
5. Менің циклдерім тізімін жасап болғаннан кейін циклдар экранына қайту үшін түймесін басыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Цикл тізімінен E-Мақта және Барабанды тазалау+ (немесе Барабанды тазалау) циклдарын алу мүмкін емес.
- Менің циклдерім тізімін SmartThings қолданбасы арқылы баптауға да болады.

Untitled-1 42 2021-12-20 5:00:44

Кешірек аяқтау

Кір жуғыш машинаны, кір жууды кейін автоматты түрде аяқтау үшін, кешіктіріп аяқтау уақытын 1-тен бастап 24 сағат (1 сағаттық қадаммен) аралығында таңдауыңызға болады. Дисплейдегі уақыт жуу циклінің аяқталу уақытын көрсетеді.

1. Циклды таңдаңыз да, оның параметрлерін қажетінше өзгертіңіз.
2. түймесін басыңыз.
3. **Шарлау тетігін** бұрап, **Кешірек аяқтау** параметрін таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
4. **Шарлау тетігін** бұрап, қажетті уақытты таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
5. түймесін басып тұрыңыз.
   - Дисплейде қалып-күй ақпараты көрсетіліп, кір жуғыш машина салынған кірдің салмағын анықтау үшін (егер таңдалған циклға салмақ анықтау функциясы алдын ала орнатылса) барабанды айналдырады. Салмақ анықтау әрекеті аяқталғаннан кейін дисплейде жуу циклының соңына дейін қалған уақыт көрсетіледі.
   - Кешіктіріп аяқтау функциясын болдырмау үшін түймесін басып, кір жуғыш машинаны қайта қосыңыз.

Шынайы өмір көріністері

Екі сағаттық циклды осыдан 3 сағат өткенде аяқтағыңыз келеді. Бұл үшін ағымдық циклға 3-сағаттық параметрі бар Кешірек аяқтау функциясын қосып, түймесін 14:00 сағатқа қойып басыңыз. Сонда не болады? Кір жуғыш машина 15:00-де жуа бастап, 17:00-де аяқтайды. Төменде осы мысалдың уақыттары көрсетілген.



Балалардан бұғаттау

Балалар немесе жас сәбилер кір жуғыш машинаны байқаусызда іске қосып не параметрін орнатып қоймау үшін Балалардан бұғаттау және түймесінен басқа түймелердің бәрін бұғаттайды.

1. түймесін басыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Балалардан бұғаттау** параметрін таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
3. түймесін түртіп, **Қосу** немесе **Өшіру** түймесін түртіңіз.
   - Функция қосылса, Балалардан бұғаттау белгісі де қосылады.

ЕСКЕРІМ

- Балалардан бұғаттау функциясы қосылғанда, және түймелерінен басқа түймелердің барлығы бұғатталады. Кір жуғыш машинаның есігі де бекітіледі.
- Балалардан бұғаттау қосулы тұрғанда түймені бассаңыз, сигнал естілумен қатар, "**Бала бұғат қос**" хабары көрінеді.
- Балалардан бұғаттау қосулы тұрса, жуу циклынан кейін есікті аша алмайсыз. Есікті ашып кірді алу үшін әуелі бұл функцияны сөндіру керек.

Untitled-1 43 2021-12-20 5:00:44

Іске пайдалану

Жүйе функциялары

Жүйе функцияларын пайдалану

1. ⏻ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, қажетті жүйе функциясын таңдаңыз да, содан кейін ◯ түймесін түртіңіз.
3. Таңдаған функция параметрлерін өзгерту немесе функцияны бастау үшін ◯ түймесін басыңыз.

ЕСКЕРІМ

Негізгі экранға қайту үшін ⏻ түймесін қайта басыңыз немесе **Шарлау тетігін** бұрап, **Артқа** пәрменін басыңыз да, ◯ түймесін түртіңіз.

Судың кермектігі

Су кермегітігін өз ауданыңызға байланысты орнатыңыз. Жуғыш заттың концентрация деңгейі судың кермектігіне байланысты автоматты түрде реттеледі.

1. ⏻ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Судың кермектігі** параметрін таңдаңыз да, ◯ түймесін түртіңіз.
3. Қажетті параметрді таңдау үшін ◯ түймесін басыңыз.
   - Әдепкі параметрі Орт. (Орташа) болады.
   - Орт., Кермек немесе Жұмсақ функцияларын таңдаңыз.

Жұмсартқыш

Сіз жұмсартқыштың концентрация деңгейін өзгерте аласыз.

1. ⏻ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Жұмсартқыш** функциясын таңдаңыз да, ◯ түймесін түртіңіз.
3. Қажетті параметрді таңдау үшін ◯ түймесін басыңыз.
   - Әдепкі параметрі 1 есе қалпында тұрады.
   - 1 есе, 2 есе немесе 3 есе функцияларын таңдаңыз.

ЕСКЕРІМ

Концентрация деңгейі жоғарылаған сайын жұмсартқыштың мөлшері азаяды.

ЖИ Үлгілері

Бұл функция жиі пайдаланылатын циклдар мен параметрлерді сақтайды. Функцияны қоссаңыз, кір жуғыш машина ең жиі қолданатын циклдарыңыз бен параметрлеріңізді (температура, шаю, айналдыру), олардың қолданылу жиіліктерінің ретіне сай жадыға сақтайды.

1. ⏻ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **ЖИ Үлгілері** параметрін таңдаңыз да, ◯ түймесін түртіңіз.
3. ◯ түймесін түртіп, **Қосу** немесе **Өшіру** түймесін түртіңіз.
   - Әдетте Қосу қалпында тұрады. Бұл функцияны пайдаланғыңыз келмесе, Өшіру қалпына қойыңыз.
   - Функцияны сөндірсеңіз, барлық сақталған деректер бастапқы қалыптарына қайтарылады.

Untitled-1 44 2021-12-20 5:00:44

Дабыл

Сізге циклдің аяқталғандағын білдіретін әуенді қосуға немесе өшіруге болады. Дегенмен, басқа сигналдар белсенді тұрады.

1. түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Дабыл** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
3. түймесін түртіп, **Қосу** немесе **Өшіру** түймесін түртіңіз.
   - Әдетте Қосу қалпында тұрады.

ЕСКЕРІМ

Бұл параметр кір жуғыш машинаны қайта қоссаңыз да, сол қалпы сақталады.

Калибрлеу

Салмақты барынша дәл анықтау үшін калибрлеу функциясын қосуға болады.

1. түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Калибрлеу** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
   - Есік дұрыс жабылмаса, калибрлеу функциясы қосылмайды.
   - Барабан шамамен 3 минут бойы сағат тілінің бағытымен және оған қарсы айналады.
3. Калибрлеу аяқталған кезде дисплейде “Калибрлеу аяқталды” деген хабар пайда болады да, кір жуғыш машина автоматты түрде сөнеді.

Wi-Fi

Кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясын қосуға немесе сөндіруге болады.

1. түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Wi-Fi** функциясын таңдаңыз да, түймесін түртіңіз.
3. түймесін түртіп, **Қосу** немесе **Өшіру** түймесін түртіңіз.
   - Кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясы зауыттан өшіріліп келеді. Дегенмен, кір жуғыш машинаны алғаш рет іске қосқанда, оның Wi-Fi функциясы өздігінен іске қосылады. Wi-Fi функциясының соңғы параметрі кір жуғыш машинаның ток көзіне қосылу күйіне қарамастан сақталып тұрады.
   - Кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясын қосып желіге қосқаннан кейін, кір жуғыш машинаңызды ток көзінен ажыратсаңыз да, желіге қосылған қалпы тұрады.
   - Wi-Fi таңбасы кір жуғыш машинаның роутерге Wi-Fi арқылы қосылып тұрғанын көрсетеді.

Untitled-1 45 2021-12-20 5:00:45

Іске пайдалану

Тіл

Жүйенің тілін өзгертуге болады.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Тіл** функциясын таңдаңыз да, ○ түймесін түртіңіз.
3. **Шарлау тетігін** бұрап, қажетті тілді таңдаңыз да, ○ түймесін түртіңіз.

Зауыттық баптауларға ысыру

Кір жуғыш машинаның бастапқы параметрлерін қалпына келтіруге болады.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Шарлау тетігін** бұрап, **Зауыттық баптауларға ысыру** параметрін таңдаңыз да, ○ түймесін түртіңіз.
   - Кір жуғыш машинаңыздың бастапқы параметрлері қалпына келеді.

Арнайы функциялар

AddWash ескертуі (қолжетімді үлгілерде ғана)

Жуу циклы басталғаннан кейін кір қосу үшін AddWash есігін пайдаланыңыз.



1. Жуу циклын тоқтату үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.
2. Есіктің бұғатын ашу үшін AddWash есігінің үстіңгі жағын басыңыз. Басқаннан кейін есік шамалы ішке қарай жылжып барып ашылады.



3. AddWash есігін шегіне дейін ашыңыз да, қосымша кірлерді AddWash есігі арқылы барабанға салыңыз.
4. AddWash есігін өз орнына көтеріп салыңыз да, үстіңгі жағын сырт еткен дыбыс естілгенше басу арқылы есікті бекітіңіз. Содан кейін жуу циклын жалғастыру үшін ▷‖ түймесін басыңыз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

AddWash есігіне көп салмақ салмаңыз. Сынып қалуы мүмкін.

ЕСКЕРІМ

AddWash есігі дұрыс жабылса, барабан ішіндегі су жылыстап ақпайды. AddWash есігінің айналасына су тамшылары жиналуы мүмкін, бірақ барабан ішінен су ақпайды. Бұл қалыпты жағдай.

Untitled-1 46 2021-12-20 5:00:45

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Барабан ішіне AddWash есігінің деңгейінен асатын көпіршік жиналса, AddWash есігін ашпаңыз.
- Машина жұмыс істеп тұрғанда, әуелі ▷‖ түймесін басып тұрмайынша AddWash есігін ашуға болмайды. Жуу циклы аяқталған кезде AddWash есігі (▷‖ түймесін басып тұрмасаңыз да) өздігінен ашылып кетуі мүмкін екенін ескеріңіз.
- AddWash арқылы шамадан көп кір салмаңыз. Жұмыс тиімділігі төмендеуі мүмкін.
- AddWash есігінің астыңғы жағын тұтқа ретінде пайдаланбаңыз. Саусақтарыңыз қыстырылып қалуы мүмкін.
- AddWash есігіне ешбір кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Үй жануарларыңызды кір жуғыш машинадан, әсіресе AddWash есігінен алыс ұстаңыз.
- Кір жуу үшін ыстық суды пайдаланғанда, AddWash есігін ашып-жапқаннан кейін AddWash есігінен су аққан тәрізді болып көрінуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және ашық тұрған AddWash есігінен шыққан бу салқындап, оның бетіне су тамшылары жиналады.
- AddWash есігін жапқанда есік тұмшаланады да, ешбір су ақпайды. Дегенмен, AddWash есігінің айналасында қалған су, есіктің айналасынан су аққан тәрізді болып көрінуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
- Судың температурасы 50 °C градустан жоғары болса, негізгі есікті де, AddWash есігін де ашуға болмайды. Барабан ішіндегі судың деңгейі белгілі межеден асса, негізгі есікті ашуға болмайды.
- Дисплейде "**Қосалқы есік ашық**" деген ақпарат коды пайда болса, тиісті шараларды **Ақпарат кодтары**-бөлімінен қараңыз.
- AddWash есігін және оның айналасын әрқашан таза ұстаңыз. AddWash есігіндегі немесе оның айналасындағы қоқыс немесе жуғыш заттар, судың жылыстап ағуына әкелуі мүмкін.

AddWash есігі жоқ үлгілерде қосымша кір салу (қолжетімді үлгілерде ғана)

1. Жуу циклын тоқтату үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.
2. Есікті ашып, қосымша кірді барабанға салыңыз.
3. Есікті жабыңыз да, жуу циклын жалғастыру үшін ▷‖ түймесін басыңыз.

Smart Control (қолжетімді үлгілерде ғана)

Кір жуғыш машинаңызды қашықтан басқару үшін SmartThings қолданбасына қосылуыңызға болады.

Кір жуғыш машинаны қосу

1. Смартфон немесе планшетіңізге (Android және iOS) SmartThings қолданбасын жүктеңіз де, оған кіріңіз.
2. Кір жуғыш машинаны оған қосу үшін ⏻ түймесін басыңыз.
3. 📶 түймесін басып тұрыңыз.
   a. Кір жуғыш машина AP режиміне кіреді де, смартфоныңызға немесе планшетіңізге қосылады.
   b. Кір жуғыш машинаңызды аутентификациялау үшін 📶 түймесін басыңыз.
   c. Аутентификация үдерісі аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаңыз қолданбаға сәтті түрде қосылады.
   - SmartThings қолданбасындағы әр түрлі функцияларды пайдалануыңызға болады.

ЕСКЕРІМ

- Кір жуғыш машинаңыз SmartThings қолданбасына қосыла алмаса, қосылу әрекетін қайталаңыз.
- Кір жуғыш машинаны SmartThings қолданбасына қосқаннан кейін интернет қосылымында ақау пайда болса, роутерді тексеріңіз.

Untitled-1 47 2021-12-20 5:00:45

Іске пайдалану

- Егер Wi-Fi сөніп тұрса, жүйе функцияларының мәзіріне кіру үшін түймесін 3 секунд басыңыз да, Wi-Fi функциясын таңдаңыз және қосыңыз.
- Кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясын қоссаңыз, кір жуғыш машинаңызды оның ток көзіне қосулы тұрған-тұрмағанына қарамай, смартфон немесе планшет арқылы SmartThings қолданбасына қоса аласыз. Егер кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясы сөндірулі тұрса, кір жуғыш машина SmartThings қолданбасында желіден тыс күйде тұрады.
- Smart Control функциясын бастау алдында есікті жабыңыз.
- Кір жуғыш машинаңызды біраз уақыт SmartThings қолданбасына қоспай пайдалансаңыз, Smart Control туралы қалқыма хабар 3 секунд көрінеді.
- Кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясы AP (кіру протоколы) көзіне қосылмаса, оны ток көзінен ағытқанда Wi-Fi да сөнеді.

Қосылып тұру

SmartThings қолданбасынан Қосылып тұру функциясын, цикл соңында Smart Control қосылған қалпы ұстау үшін орнатыңыз. Үйден немесе сырттан қосымша нұсқау жіберуге мүмкіндік беру үшін кір жуғыш машинаңыз қолданбаға қосылып тұрады.

1. Егер Қосылып тұру функциясын SmartThings қолданбасы арқылы қоссаңыз, цикл аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаңыз күту режимінде қуат үнемдеу күйінде тұрады.
   - Егер есік жабық тұрса, Қосылып тұру функциясы 7 күнге дейін қосылып тұрады.
2. Қосылып тұру функциясы қосылып тұрса, кір жуғыш машина дисплейінде Smart Control, Есік бекітпесі және Wi-Fi белгілері жанып тұрады.
3. Кір жуғыш машинаңызды оңтайлы басқаруға, SmartThings көмегімен шаю, айналдыру немесе кептіру циклдарын қосуға болады.

ЕСКЕРІМ

- Кір жуғыш машинаңыз SmartThings қолданбасына қосылмай тұрса да, цикл үзіліске қойылған кезде, күту режимінде қуат үнемдеу күйіне қойылады.
- Кей жағдайларда тек есік бекітпесінің белгісі ғана жанып тұруы мүмкін.

Untitled-1 48 2021-12-20 5:00:45

SmartThings

Wi-Fi байланысы

Смартфон немесе планшетіңіздің **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, AP (Кіру протоколы) көзін таңдаңыз.

- Бұл құрылғы Wi-Fi 2,4ГГц протоколдарына қолдау көрсетеді.

Жүктеу

Қолданба нарығынан (Google Play дүкені, Apple App дүкені, Samsung Galaxy Apps) SmartThings қолданбасын "SmartThings" сөзін қолданып табыңыз. Қолданбаны құрылғыңызға жүктеңіз және орнатыңыз.

ЕСКЕРІМ

Қолданба жұмысты жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Жүйеге кіру

Әуелі SmartThings қолданбасына Samsung есептік жазбаңызбен кіріңіз. Samsung есептік жазбасын жасау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Есептік жазба жасау үшін жеке қолданба қажет емес.

ЕСКЕРІМ

Samsung есептік жазбаңыз бар болса, оны жүйеге кіру үшін пайдаланыңыз. Тіркелген Samsung смартфонының немесе планшетінің пайдаланушысы жүйеге автоматты түрде кіреді.

Құрылғыны SmartThings қолданбасына тіркеу

1. Смартфонның немесе планшеттің сымсыз желіге қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Қосылмай тұрса, **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, AP (Кіру протоколы) таңдаңыз.
2. Смартфон немесе планшеттен **SmartThings** қолданбасына кіріңіз.
3. "A new device is found (Жаңа құрылғы табылды)." деген жазу көрінгенде **Add (Қосу)** параметрін таңдаңыз.
4. Ешбір хабар көрінбесе **+** таңбасын таңдап, қолжетімді құрылғылар тізімінен құрылғыңызды таңдаңыз. Құрылғы тізімде болмаса, **Device Type (Құрылғы түрі)** › **Specific Device Model (Нақты құрылғы үлгісі)** параметрін таңдап, құрылғыны қолдан қосыңыз.
5. Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына төмендегідей тіркеңіз.
   a. Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына қосыңыз. Құрылғыңыздың SmartThings қолданбасына қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
   b. Тіркеу аяқталғанда құрылғыңыз смартфонда немесе планшетте пайда болады.

Untitled-1 49 2021-12-20 5:00:45

Іске пайдалану

Ашық лицензия туралы құлақтандыру

Бұл өнімдегі бағдарламалық жасақтамада ашық лицензия бағдарламасы бар. Осы өнімді жөнелткеннен кейін, http://opensource.samsung.com (“Сұрақ” мәзірін пайдаланыңыз) мекенжайы арқылы біздің қолдау көрсететін тобымызға хабарласып, тиісті түпнұсқа кодты толық үш жылға алуыңызға болады.

Толық түпнұсқа кодты CD-ROM тәрізді физикалық құралға сақтап алуға болады, бірақ бұл үшін шамалы төлемақы алынады.

Мына URL http://opensource.samsung.com/opensource/SMART_AT_051/seq/0 мекенжайы осы өнімге қатысты ашық лицензия ақпаратына апарады. Бұл ұсыныс осы ақпаратты алған кез келген адамға беріледі.

ЕСКЕРІМ

Wi-Fi қосылып тұрғанда, тұтынылатын қуат мөлшері тиісті ақпараттарда көрсетілген мәннен артады.

Untitled-1 50 2021-12-20 5:00:45

Күтім көрсету

Кір жуғыш машинаның жұмыс тиімділігі төмендемеу және қолданыс уақытын сақтау үшін таза ұстаңыз.

Барабанды тазалау+

Барабанның бактериясын кетіріп тазалау үшін осы циклды уақытылы орындаңыз. Бұл цикл суды 60 °C және 70 °C арасында қыздырып, есіктің резеңке тығыздағышындағы қоқысты тазалайды.

1. ⏻ түймесін басыңыз.
2. **Шарлау тетігін** тетігін бұрап, **Барабанды тазалау+** функциясын таңдаңыз.
3. ⏯ түймесін басып тұрыңыз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Барабанды тазалау үшін ешбір жуғыш зат пайдаланбаңыз. Барабандағы химиялық заттардың қалдығы кірге немесе кір жуғыш машинаға нұқсан келтіруі мүмкін.
- Қақ жиналудың алдын алу үшін, жергілікті су кермектігіне сәйкес жуғыш заттың тиісті мөлшерін қосып, жуғыш затпен суды жұмсартқыш қоспа қосыңыз.

Барабанды тазалау+ ескертуі

Үлгі түріне қарай **Барабанды тазалау+** индикаторы, таңба немесе жарық диодты шам түрінде болады.

Егер индикатор болса, индикаторлар басқару панелінде жанады.

Жарық диодты шам түрінде болса, жарық диодты шам **Барабанды тазалау+** қасында не басқару панелінің функциялар аумағында жанып тұрады.

- **Барабанды тазалау+** индикаторы әр 40 жуу циклы орындалған сайын басқару панелінде жыпылықтап тұрады. **Барабанды тазалау+** циклын уақытылы орындап тұрған жөн.
- Еске салғыштың алғаш рет жыпылықтағанын көргеннен кейін, бұдан кейін 6 рет жуу барысында елемеуге болады. Еске салғыш 7-ші рет көрсетілгеннен кейін, көрінбейді. Дегенмен, қайтадан екінші 40-шы жуу циклынан кейін қайта көрсетіледі.
- Соңғы цикл тоқтатылғаннан кейін "**0**" хабары көрініп тұруы мүмкін.
- **Барабанды тазалау+** цикл есептегішін ⏻ түймесін басу арқылы жазуға болады. Бұл машинаны тоқтатпайды немесе сөндірмейді, бірақ цикл санын есептеуді белгілейді.
- "**0**" көрініп тұрса да, машина қалыпты жұмыс істейді.
- Циклды гигиеналық мақсатта жиі орындауды ұсынамыз.

Untitled-1 51 2021-12-20 5:00:45

Күтім көрсету

Төтенше жағдайда су төгу

Тоқ сөніп қалса, барабанның ішіндегі суды кірді алмай тұрып төгіңіз.



1. Кір жуғыш машинаның ашасын розеткадан суырып, тоқтан ажыратыңыз.
2. Ашу үшін **сүзгі қақпағының** үстіңгі жағын баппен түртіңіз.



3. Қақпақтың айналасына бос, кең сауытты қойып, **түтіктің қақпағын (A)** ұстап тұрып, төтенше жағдайда су төгетін түтікті сауытқа салыңыз.



4. Түтіктің қақпағын ашып **төтенше жағдайда су төгетін (B) түтіктің** ішіндегі суды сауытқа ағызыңыз.
5. Болған кезде түтіктің қақпағын жауып, түтікті қайта салыңыз. Содан кейін сүзгінің қақпағын жабыңыз.

ЕСКЕРІМ

Кең сауытты пайдаланыңыз, себебі барабанның ішіндегі су күткеннен көп болуы мүмкін.

Untitled-1 52 2021-12-20 5:00:45

Тазалау

Кір жуғыш машинаның беткі жағы

Тұрмыста қолданылатын, жеміргіш емес жуғыш зат пен жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Кір жуғыш машинаға су шашпаңыз.

AddWash есігі (қолжетімді үлгілерде ғана)



1. AddWash есігін ашыңыз.
2. AddWash есігін тазалау үшін дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
   - Тазалғыш заттарды пайдаланбаңыз. Түсі оңып кетуі мүмкін.
   - Резеңке тығыздағышы мен **бекітпе механизмін (A)** байқап тазалаңыз.
   - Есіктің шаңын мерзімді түрде тазалаңыз.
3. AddWash есігінің шаңын сүртіп, сырт еткен дыбыс естілгенше жабыңыз.

⚠ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- AddWash есігіне көп салмақ салмаңыз. Сынып қалуы мүмкін.
- Машина жұмыс істеп тұрғанда AddWash есігін ашық қалдырмаңыз.
- AddWash есігіне ешқашан ауыр зат қоймаңыз.
- Жарақат алуға жол бермеу үшін барабан айналып тұрғанда AddWash есігін ұстамаңыз.
- Машина жұмыс істеп тұрғанда AddWash есігін ашпаңыз. Бұл жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- AddWash есігі ашық тұрғанда функция панелін пайдаланбаңыз. Бұл жарақат алуға немесе жүйенің істемей қалуына әкелуі мүмкін.
- Кірден басқа нәрсе салмаңыз.
- Барабанға AddWash арқылы үлкен зат салмаңыз.
- Тазалаған кезде AddWash есігінің резеңке тығыздағышын тартпаңыз. Зақым келтіруі мүмкін.

Untitled-1 53 2021-12-20 5:00:46

Күтім көрсету

Тор сүзгі

Су түтігінің тор сүзгісін жылына бір немесе екі рет тазалаңыз.



1. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
2. Су шүмегін жабыңыз.
3. Кір жуғыш машинаның арт жағындағы түтікті бұрап ағытып алыңыз. Су атқылап кетпеу үшін түтікті шүберекпен жабыңыз.



4. Тор сүзгіні су құятын клапаннан алу үшін тістеуікті пайдаланыңыз.
5. Тор сүзгіні бұрама жалғастырғышы қоса батқанша суға терең батырыңыз.
6. Тор сүзгіні көлеңкеге қойып мұқият кептіріңіз.
7. Тор сүзгіні су құятын клапанға қайта салып, су түтігін қайта су құятын клапанға жалғаңыз.
8. Су шүмегін ашыңыз.

ЕСКЕРІМ

Егер тор сүзгі бітеліп қалса экранда "**Судың келуін тексеріңіз**" деген ақпарат коды пайда болады.

Untitled-1 54 2021-12-20 5:00:46

Қоқыс сүзгісі

Қоқыс сүзгісі бітеліп қалмау үшін оны 2 сай сайын тазалауды ұсынамыз. Қоқыс сүзгісі бітеліп қалса, көпіршіктің әсерін төмендетуі мүмкін.



1. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
2. Барабанның ішінде қалған суды төгіңіз. **Төтенше жағдайда су төгу** бөлімін қараңыз.
3. Ашу үшін **сүзгі қақпағының** үстіңгі жағын баппен түртіңіз.
4. Қоқыс сүзгісінің тетігін солға бұрап, қалған суды төгіңіз.



5. Қоқыс сүзгісін жұмсақ шөткемен тазалаңыз. Сүзгінің ішіндегі су төгетін сорғы қозғалтқышының бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
6. Қоқыс сүзгісін қайта салып, сүзгінің тетігін оңға бұраңыз.



ЕСКЕРІМ

- Кейбір қоқыс сүзгілерінде балалар төтенше жағдайға тап болуға жол бермеуге арналған қауіпсіздік құралы бар. Қоқыс сүзгісінің қауіпсіздік құралын ашу үшін басып, сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз. Қауіпсіздік құралының серпімді механизмі сүзгіні ашуға көмектеседі.
- Қоқыс сүзгісінің қауіпсіздік құралын жабу үшін сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Серіппе тарсылдаған дыбыс шығаруы мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

ЕСКЕРІМ

- Әр 100 жуудан соң басқару тақтасының дисплейінде "**Дренажды сүзгіні тазалаңыз**" деген хабарлама пайда болады.
- Егер сорғы сүзгісі бітеліп қалса экранда "**Дренажды тексеріңіз**" деген ақпарат коды пайда болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Сүзгіні тазалап болғаннан кейін сүзгі тетігінің дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз. Бұлай істемегенде, су ағуы мүмкін.

Untitled-1 55 2021-12-20 5:00:46

Күтім көрсету

- Сүзгіні тазалап болғаннан кейін дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Бұлай істемегенде, дұрыс жұмыс істемеуі немесе су ағуы мүмкін.

Жуғыш зат үлестіргіш



1. Тартпаның ішкі жағындағы **босату тетігін** ұстап тұрып, оны алып тастау үшін жуғыш зат үлестіргішін тартыңыз.



2. Қақпақты ашып, автоматты жуғыш зат/жұмсартқыштың ішкі бөліктерін сумен тазалаңыз.
   - Аяқтағаннан кейін суды сүртіп, қақпағын жабыңыз.



3. Үлестіргіш ұясындағы жуғыш зат қалдықтары мен қақты тазарту үшін үлестіргіш ұясын бөтелке тазалайтын шөткемен тазартыңыз.

Untitled-1 56 2021-12-20 5:00:46



4. Жуғыш зат үлестіргішін қайтадан кір жуғыш машинаға салыңыз.

ЕСКЕРІМ

Жуғыш зат үлестіргішті орнына салу алдында оның ұясының әбден құрғатылғанын тексеріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жуғыш зат үлестіргіш ойпатына су шашпаңыз. Бұл электр тоғының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Кір жуғыш машинаның мұзын жібіту

Кір жуғыш машина 0 °C градустан төмендегенде мұздап қалуы мүмкін.

1. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
2. Су түтігін жібіту үшін, шүмектің үстінен жылы су құйыңыз.
3. Су түтігін ағытып, жылы суға салып жібітіп қойыңыз.
4. Барабанға жылы су құйып, шамамен 10 минут қоя тұрыңыз.
5. Су түтігін судың шүмегіне қайта жалғаңыз.

ЕСКЕРІМ

Кір жуғыш машина сонда да дұрыс жұмыс істемесе, жоғарыдағы қадамдарды машина қалыпты жұмыс істегенше қайталаңыз.

Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтіп ұстау

Кір жуғыш машинаны ұзақ уақыт пайдаланбай қалдырмауға тырысыңыз. Бұндай жағдайда, кір жуғыш машинаның суын төгіп, қуат сымын ағытыңыз.

1. **Шарлау тетігін** бұрап, **Шаю+Айналдыру** циклын таңдаңыз.
2. Барабанды босатыңыз да, ▷|| түймесін басып тұрыңыз.
3. Цикл аяқталған кезде су шүмегін жауып, су түтігін ағытыңыз.
4. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
5. Барабанның ішін желдету үшін есікті ашыңыз.

Untitled-1 57 2021-12-20 5:00:47

Ақаулықты түзету

Егер қандай да бір мәселе орын алса, СК дисплейіндегі хабарларды тексеріп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Мәселе сонда да шешілмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Тексерілетін мәселелер

Егер кір жуғыш машинаға қатысты мәселе пайда болса, әуелі келесі кестені қарап, берілген ұсыныстарды қолданып көріңіз.

Ақаулық	Әрекет
Жұмыс істей бастамайды.	• Кір жуғыш машинаның қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Су шүмектерінің ашық екенін тексеріңіз. • Кір жуғыш машинаны қосу үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз. • Балалардан бұғаттау белсенді күйде емес екенін тексеріңіз. • Кір жуғыш машинаға су құйылар алдында бірнеше рет сырт-сырт еткен дыбыс естіледі де, есіктің бекітілгені тексеріледі, содан кейін су жылдам төгіледі. • Сақтандырғышты тексеріңіз немесе айырып-қосқышты қайта қалпына қойыңыз. • Ток көзіне дұрыс қосылып тұрғанын тексеріңіз. • Кернеудің төмен екені анықталды. - Қуат сымының қосылып тұрғанын тексеріңіз. • Кірлердің есікке қыстырылып қалмағанын тексеріңіз. • "**Қосалқы есік ашық**" деген хабар, AddWash есігін ▷‖ түймесін баспай тұрып ашқанда пайда болады. Бұл жағдайда келесі әрекеттің бірін орындаңыз: • AddWash есігін дұрыс жабу үшін басыңыз. Содан кейін ▷‖ түймесін басып, әрекетті қайталаңыз. • Кір қосып салу үшін AddWash есігін ашыңыз да, кірді салып болғаннан кейін AddWash есігін мұқият жабыңыз. Содан кейін әрекетті жалғастыру үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.
Су жетіспей тұр немесе ешбір су құйылмаған.	• Су шүмегін толық ашыңыз. • Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Су құятын түтіктің мұздап қалмағанын тексеріңіз. • Су құятын түтіктің жаншылып немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. • Судың қысымының жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз. • Суық судың шүмегі мен ыстық су шүмегінің дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Тор сүзгіні тазалаңыз, бітеліп қалған болуы мүмкін.

Untitled-1 58 2021-12-20 5:00:47

Ақаулық	Әрекет
Цикл аяқталғаннан кейін жуғыш зат үлестіргіште шамалы жуғыш зат қалды.	• Кір жуғыш машинадағы су қысымының жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз. • Жуғыш заттың жуғыш зат үлестіргіштің ортасына салынғанына көз жеткізіңіз. • Шаю қақпағының дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. • Егер түйіршіктелген жуғыш затты пайдаланасаңыз, жуғыш зат таңдағыштың үстіңгі жақта тұрғанына көз жеткізіңіз. • Шаю қақпағын алып, жуғыш зат үлестіргішті тазалаңыз.
Қатты дірілдейді немесе шуыл шығарады.	• Кір жуғыш машинаның тайғанақ емес тегіс, қатты еденге орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер еден тегіс болмаса, кір жуғыш машинаның биіктігін реттеу үшін реттегіш тіректерді пайдаланыңыз. • Тасымал болттарының алынғанын тексеріңіз. • Кір жуғыш машинаның басқа ешбір затқа тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз. • Кірдің теңгерімі дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. • Қалыпты жұмыс барысында қозғалтқыштан шуыл шығуы мүмкін. • Темірден жасалған заттармен безендірілген жұмыс комбинизондары немесе киімдерден жуу барысында шуыл шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. • Тиын тәрізді темір заттардан шуыл шығады. Жуып болғаннан кейін осы заттарды барабаннан және сүзгінің корпусынан алыңыз. • Кірді қайта таратып салыңыз. Бір ғана кірді, мысалы монша халатын немесе джинс шалбарды жуу қажет болса, соңғы айналдыру нәтижесі қанағаттанғысыз болуы мүмкін және дисплейде "**Барабанның теңгерімсіз жүктемесі**" тексеру хабары пайда болады.
Суды төкпейді және/немесе айналдырмайды.	• Су төгетін түтіктің су төгетін құбырға дейін тура қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Су төгуге кедергі келсе, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз. • Қоқыс сүзгісінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. • Есікті жабыңыз да, ▷‖ түймесін басып тұрыңыз. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін кір жуғыш машина есік жабылмайынша кептірмейді немесе айналдырмайды. • Су төгетін түтіктің мұздап немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. • Су төгетін түтіктің кептеліп қалмаған құбырға жалғанғанына көз жеткізіңіз. • Егер кір жуғыш машинаға ток жеткіліксіз мөлшерде берілсе, кір жуғыш машина уақытша су төкпейді немесе айналдырмайды. Кір жуғыш машинаға тоқ жеткілікті беріле бастаған кезде ол қалыпты жұмыс істейді. • Су төгетін түтіктің қосылым түріне қарай дұрыс төселіп тұрғанына көз жеткізіңіз. • Қоқыс сүзгісін тазалаңыз, бітеліп қалған болуы мүмкін.

Untitled-1 59 2021-12-20 5:00:47

Ақаулықты түзету

Ақаулық	Әрекет
Есік ашылмайды.	• Кір жуғыш машинаны тоқтату үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз. • Есік бекітпесінің механизмі ашылғанша шамалы уақыт қажет болуы мүмкін. • Машина тоқтағаннан кейін немесе ток сөнгеннен кейін 3 минут өтпейінше, машинаның есігі ашылмайды. • Барабан ішіндегі судың әбден төгілгеніне көз жеткізіңіз. • Барабан ішінде су бар болса есік ашылмауы мүмкін. Барабанның ішіндегі суды төгіп, есікті қолмен ашыңыз. • Есік бекітпесінің индикаторының сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Кір жуғыш машинаның суы төгілгеннен кейін есік бекітпесінің шамы сөнеді.
Көпіршік өте көп.	• Ұсынылған жуғыш заттарды қажетті мөлшерде пайдаланғаныңызды тексеріңіз. • Қатты көпіршуге жол бермеу үшін тиімділігі өте жоғары (HE) жуғыш затты пайдаланыңыз. • Тұщы суда, аз кір салынғанда немесе шамалы кірлеген кірді жуу үшін жуғыш заттың мөлшерін азайтыңыз. • HE-емес жуғыш затты пайдалануды ұсынбаймыз.
Қосымша жуғыш зат салынбайды.	• Жуғыш зат пен мата жұмсартқыштың қалған мөлшері көрсетілген шектен жоғары емес екеніне көз жеткізіңіз.
Тоқтайды.	• Қуат сымын тоғы бар электр розеткасына қосыңыз. • Сақтандырғышты тексеріңіз немесе айырып-қосқышты қайта қалпына қойыңыз. • Кір жуғыш машинаны қосу үшін есікті жауып, ▷‖ түймесін басыңыз. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін кір жуғыш машина есік жабылмайынша кептірмейді немесе айналдырмайды. • Кір жуғыш машинаға су құйылар алдында бірнеше рет сырт-сырт еткен дыбыс естіледі де, есіктің бекітілгені тексеріледі, содан кейін су жылдам төгіледі. • Циклдың кідіретін немесе жібітетін кезеңі болуы мүмкін. Сәл күтіңіз, кір жуғыш машина жұмыс істей бастауы мүмкін. • Су құятын түтіктің тор сүзгісінің су шүмегіне қосылған жерлерінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. Тор сүзгіні уақытылы тазалаңыз. • Егер кір жуғыш машинаға ток жеткіліксіз мөлшерде берілсе, кір жуғыш машина уақытша су төкпейді немесе айналдырмайды. Кір жуғыш машинаға тоқ жеткілікті беріле бастаған кезде ол қалыпты жұмыс істейді.

Untitled-1 60 2021-12-20 5:00:47

Ақаулық	Әрекет
Құйылатын судың температурасы теріс.	• Екі шүмекті де толық ашыңыз. • Температураның дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. • Түтіктердің дұрыс шүмектерге қосылғанына көз жеткізіңіз. Су құбырларын шайыңыз. • Су қыздырғыштың кемінде шүмектен 49 °C ыстық су құятын етіп бапталғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, су қыздырғыштың қуаты мен су толтыру жылдамдығын тексеріңіз. • Түтіктерді ағытып, тор сүзгіні тазалаңыз. Тор сүзгісі кептеліп қалған болуы мүмкін. • Кір жуғыш машинаға су құйыла бастағанда, температураны автоматты түрде басқару функциясы құйылып жатқан судың температурасын тексеретін болғандықтан, судың температурасы өзгеруі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. • Кір жуғыш машинаға су құйылып жатқанда, суық немесе жылы температура таңдалып тұрса, үлестіргіштен тек ыстық және/немесе тек суық судың ағып жатқанын байқауыңыз мүмкін. Бұл температураны автоматты түрде басқаратын режимнің қалыпты функциясы, себебі кір жуғыш машина судың температурасын анықтайды.
Цикл соңында кір дымқыл болып тұр.	• Жоғары немесе өте жылдам айналдыру жылдамдығын пайдаланыңыз. • Қатты көпіршімес үшін өте тиімді (HE) жуғыш затты пайдаланыңыз. • Тым аз кір салынған. Өте аз кір салған кезде (бір немесе екі зат) теңгерімсіздік байқалып, толық айналмауы мүмкін. • Су төгетін түтіктің жаншылып немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз.

Су жылыстап ағады.	• Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
	• Барлық түтіктердің берік жалғанғанына көз жеткізіңіз.
	• Су төгетін түтік ұшының ақаба су жүйесіне дұрыс кіргізіліп, бекітілгенін тексеріңіз.
	• Өте көп кір салмаңыз.
	• Қатты көпіршуге жол бермеу үшін тиімділігі өте жоғары (HE) жуғыш затты пайдаланыңыз.
	• Су төгетін түтікті тексеріңіз.
	  - Су төгетін түтік ұшының еденде жатпағанына көз жеткізіңіз.
	  - Су төгетін түтіктің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.

Иіс шығады.	• Артық көпіршіктер ұяшықтарға жиналып қалып, зең иісі пайда болуы мүмкін. • Уақытылы зарарсыздандыру үшін шаю циклдарын орындаңыз. • Есіктің тығыздағышын (диафрагмасы) тазалаңыз. • Цикл аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаның ішін кептіріңіз.

Untitled-1 61 2021-12-20 5:00:47

Ақаулықты түзету

Ақаулық	Әрекет
Ешбір көпіршік байқалмайды (Көпіршік қосылатын үлгілерде ғана).	• Барабанға өте көп зат салынса, көпіршік байқалмауы мүмкін. • Қатты ластанған кірді жуған кезде көпіршік пайда болмауы мүмкін.
AddWash есігін кез келген уақытта ашсам бола ма?	• AddWash есігін индикаторы көрінгенде ғана ашуға болады. Дегенмен, келесі жағдайларда ашылмайды: - Қайнату немесе кептіру циклы жұмыс істеп тұрғанда және ішкі температура жоғары болса - Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Балалардан бұғаттау орнатсаңыз - Қосымша кір салуды қажет етпейтін барабан жуу немесе барабанды кептіру циклы қосылып тұрса.
Дисплейде хабар пайда болады да, үлестіргіштің ашық тұрғанын ескертеді.	• Жуғыш зат үлестіргішінің дұрыс жабылғанын тексеріңіз. - Жуғыш зат үлестіргішін ашып, қайта жабыңыз. Дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз.
Жуудың ұзартылған уақыты.	• Нақты жуу уақыты цикл таңдалған кезде басқару тақтасында көрсетілген уақыттан өзгеше болуы мүмкін.

Мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қызмет көрсету орталығының нөмірі құрылғының жапсырмасында.

Untitled-1 62 2021-12-20 5:00:47

Ақпарат кодтары

Егер кір жуғыш машина жұмыс істемей қалса, экранда ақпарат коды пайда болуы мүмкін. Төмендегі кестеге қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз.

Код	Әрекет
Дренажды тексеріңіз	Су төгілмей тұр. • Су төгетін түтіктің мұздап немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. • Су төгетін түтіктің қосылым түріне қарай дұрыс төселіп тұрғанына көз жеткізіңіз. • Қоқыс сүзгісін тазалаңыз, бітеліп қалған болуы мүмкін. • Су төгетін түтіктің су төгетін құбырға дейін тура қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіле берсе, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Судың келуін тексеріңіз	Су құйылмай тұр. • Су шүмектерінің ашық екенін тексеріңіз. • Су түтіктерінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. • Су шүмектерінің мұздап қалмағанын тексеріңіз. • Кір жуғыш машинаның жеткілікті су қысымымен жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. • Суық судың шүмегі мен ыстық су шүмегінің дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Тор сүзгіні тазалаңыз, бітеліп қалған болуы мүмкін. • Ақпарат коды пайда болғаннан кейін барлық түймелер 3 минут бұғатталады. • "**Судың келуін тексеріңіз**" хабары пайда болғанда, машина суды 3 минут төгеді. Осы кезде, Қуат түймесі жұмыс істемейді.
Судың желілерін тексеріңіз	• Суық су құятын түтіктің суық судың шүмегіне мықтап қосылғанына көз жеткізіңіз. Егер ыстық судың шүмегіне қосылса, кей циклдарда кір қызымдалып қалуы мүмкін.
Барабанның теңгерімсіз жүктемесі	Айналдыру циклы қосылмайды. • Кірдің біркелкі таратылып салынғанына көз жеткізіңіз. • Кір жуғыш машинаның тегіс, орнықты жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. • Кірді қайта таратып салыңыз. Бір ғана кірді, мысалы монша халатын немесе джинс шалбарды жуу қажет болса, соңғы айналдыру нәтижесі қанағаттанғысыз болуы мүмкін және дисплейде "**Барабанның теңгерімсіз жүктемесі**" тексеру хабары пайда болады.
Есік ашық	Есігі ашық тұрған кір жуғыш машинаны пайдалану. • Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Кірлердің есікке қыстырылып қалмағанын тексеріңіз.

Untitled-1 63 2021-12-20 5:00:47

Ақаулықты түзету

Код	Әрекет
Қосалқы есік ашық (қолжетімді үлгілерде ғана)	Бұл хабар, AddWash есігін ▷‖ түймесін баспай тұрып ашқанда пайда болады. Бұл жағдайда келесі әрекеттің бірін орындаңыз: • AddWash есігін дұрыс жабу үшін басыңыз. Содан кейін ▷‖ түймесін басып, әрекетті қайталаңыз. • Кір қосып салу үшін AddWash есігін ашып, кірді салыңыз. AddWash есігін дұрыс жабыңыз. Содан кейін әрекетті жалғастыру үшін ▷‖ түймесін басып тұрыңыз.
OC	Су шегінен асып төгілді. • Айналып болғаннан кейін қайта бастаңыз. • Дисплейде ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
LC, LC1	Су төгетін түтікті тексеріңіз. • Су төгетін түтік ұшының еденде жатпағанына көз жеткізіңіз. • Су төгетін түтіктің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3C	Барабан қозғалтқышының жұмысын тексеріңіз. • Циклды қайта бастап көріңіз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3CP	Электрониканы басқару жүйесін тексеру керек. • Циклды қайта бастап көріңіз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
UC	Пульсатор қозғалтқышының жұмысын тексеріңіз. • Ток көзіне дұрыс қосылып тұрғанын тексеріңіз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
	Кернеудің төмен екені анықталды. • Қуат сымының қосылып тұрғанын тексеріңіз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
HC	Жоғары температура қыздыруын тексеру. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Untitled-1 64 2021-12-20 5:00:47

Код	Әрекет
1C	Су деңгейінің сенсорлары дұрыс жұмыс істемей тұр. • Машинаны сөндіріңіз де, циклды қайта бастаңыз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
AC	Негізгі және қосымша PBA құралдарының арасындағы байланысты тексеріңіз. • Машинаны сөндіріңіз де, циклды қайта бастаңыз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
8C	MEMS сенсоры дұрыс жұмыс істемей тұр. • Машинаны сөндіріңіз де, циклды қайта бастаңыз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
AC6	Негізгі және инвертер PBA құралдарының арасындағы байланысты тексеріңіз. • Күйіне қарай, машина қалыпты жұмыс қалпына қайта оралуы мүмкін. • Машинаны сөндіріңіз де, циклды қайта бастаңыз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
DC1	Негізгі есікті бұғаттау/бұғаттамау дұрыс жұмыс істемей тұр. • Машинаны сөндіріңіз де, циклды қайта бастаңыз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
DC3	AddWash есігін бұғаттау/бұғаттамау дұрыс жұмыс істемей тұр. • Машинаны сөндіріңіз де, циклды қайта бастаңыз. • Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Экранда ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Untitled-1 65 2021-12-20 5:00:47

Техникалық сипаттама

Матаға күтім көрсету кестесі

Келесі таңбалар матаға күтім көрсету нұсқаулары ретінде берілген. Киімге күтім көрсету жапсырмаларында кептіру, ағарту, кептіру және үтіктеу не қажет болса, құрғақ күйде тазалауға қатысты нұсқаулар беріледі. Бұл таңбалар отандық және шетелдік киім өндірушілердің затбелгілерінде бірдей қолданылады.

Киімді ұзақ пайдалану және жуған кезде ешбір мәселе туындамас үшін, оның зат белгісіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Жуу

95	95 °C қайнатып жуу.
60	60 °C түсті жуу.
60	60 °C түсті жуу. (“Оңай күтім” түсті жуу)
40	40 °C түсті жуу.
40	40 °C баппен жуу.
40	40 °C аса баптап жуу.
30	30 °C өте баптап жуу.
30	30 °C мұқият баптап жуу.
30	30 °C өте мұқият баптап жуу.
	Қолмен жуу.
	Жууға болмайды.

ЕСКЕРІМ

Барабан ішіндегі жуу градустары ең үлкен жуу температурасын Цельсий шамасымен көрсетеді және одан асыруға болмайды.

Ағарту

	Кез келген ағарту құралын пайдалануға болады.
	Тек оттегілі ағарту құралын қолдануға рұқсат етіледі.
	Ағартпаңыз.

Кептіру

	Құрғақтай кептіру / Қалыпты кептіру үдерісімен 80 °C градуста кептіру.
	Құрғақтай кептіру / Баппен кептіру үдерісімен 60 °C градуста кептіру.
	Кептіргіш машинамен кептірмеңіз
	Іліп кептіру.
	Суын тамшылатып, іліп кептіру.
	Жайып кептіру.
	Суын тамшылатып, жайып кептіру.
	Көлеңкеде жіпке іліп кептіру.
	Көлеңкеде суын тамшылатып, жіпке іліп кептіру.
	Көлеңкеде жайып кептіру.
	Көлеңкеде суын тамшылатып, жайып кептіру.

ЕСКЕРІМ

- Нүктелер кептіргіштің кептіру деңгейін көрсетеді.
- Сызықтар кептіру түрі мен кептіретін жерді көрсетеді.

Untitled-1 66 2021-12-20 5:00:49

Үтіктеу

	Макс. үтік табаны 200 °C градуста тұрғанда үтіктеңіз.
	Макс. үтік табаны 150 °C градуста тұрғанда үтіктеңіз.
	Макс. үтік табаны 110 °C градуста тұрғанда үтіктеңіз. Бу үтіктерін пайдаланғанда абай болыңыз (бусыз үтіктеңіз).
	Үтіктемеңіз.

ЕСКЕРІМ

Нүктелер үтіктеу температураларының аралықтарын көрсетеді (қалыпты, бу, кәдімгі үтіктер және үтіктеу мәшинелері).

Кәсіби деңгейлі күтім көрсету

	Перхлорэтилен және/немесе көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, қалыпты үдеріспен кәсіби деңгейлі құрғақ тазалау.
	Перхлорэтилен және/немесе көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, баппен кептіру үдерісімен кәсіби деңгейлі құрғақ тазалау.
	Көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, қалыпты үдерісте кәсіби деңгейде құрғақ тазалау.
	Көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, баппен кәсіби деңгейде құрғақ тазалау.
	Құрғақ тазалауға болмайды.
	Кәсіби деңгейде сумен тазалау.
	Кәсіби деңгейде сумен аса баптап тазалау.
	Сумен тазалауға болмайды.

ЕСКЕРІМ

- Дөңгелекпен қоршалған әріптер (P, F) құрғақ немесе сумен тазалау үшін (W) қолданылған тазалағыш затты көрсетеді.
- Әдетте, символдың астындағы сызықша баппен тазалау (мысалы, оңай күтім көрсетілетін заттар үшін баппен тазалау циклын қолдану) үдерісін көрсетеді. Қос сызықша барынша баппен тазалау қажет екенін көрсетеді.

Untitled-1 67 2021-12-20 5:00:50

Техникалық сипаттама

Қоршаған ортаны қорғау

- Бұл құрылғы қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдардан жасалған. Егер бұны тастағыңыз келсе, жергілікті қоқыс тастау ережелерін орындаңыз. Құрылғыны тоққа қосуға жол бермес үшін қорек сымын кесіп алыңыз. Жануарлар мен кішкене балалар қамалып қалмас үшін, қақпағын ағытып алыңыз.
- Жуғыш затты өндірушісі нұсқаулығында көрсетілген мөлшерден артық мөлшерде пайдаланбаңыз.
- Дақ кетіретін және ағартқыш заттарды, тек қажетті жағдайларда ғана, жуу циклі басталмай тұрып қолданыңыз.
- Су мен электр қуатын, кірді толтыра салып жуу арқылы үнемдеңіз (кірдің нақты мөлшері қолданылатын бағдарламаға байланысты анықталады).

Техникалық ақпарат парағы

" * " Жұлдызша(лар) түрлі үлгіні көрсетеді, ол (0-9) немесе (A-Z) түрінде өзгеруі мүмкін.



Түрі		Кір алдынан салынатын кір жуғыш машина
Үлгі атауы		WW12T******
Өлшемдері	A (ені)	600 мм
	B (биіктігі)	850 мм
	C (қалыңдығы)	650 мм
	D	733 мм
	E	1170 мм
Судың қысымы		50-800 кПа

Untitled-1 68 2021-12-20 5:00:50

Түрі			Кір алдынан салынатын кір жуғыш машина
Таза салмағы			76,0 кг (WW**T*9****, WW**T*8****, WW**T*5***, WW**T*4****, WW**T*3****) 74,0 кг (WW**T*0****)
Максималды жүктеу сыйымдылығы		Жуу және айналдыру	12,0 кг
Қуат тұтынуы	Жуу және қыздыру	АТ 220-240 В / 50 Гц	1900-2300 Вт
Айналдыру айналымы			1400 мин/айн

ЕСКЕРІМ

Дизайны және техникалық параметрлері сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Көрсетілген мақсатта, қалыпты жағдайда қолдану керек
Ұсынылатын қолдану мерзімі: 7 жыл
Өндіруші құрылғының дизайны мен техникалық параметрлерін алдын ала ескертусіз өзгерту құқығына ие

Untitled-1 69 2021-12-20 5:00:50

Жадынама

Жадынама

SAMSUNG

EAC

Өндірілген елі: Вьетнамда жасалған

Өндіруші: Samsung Electronics Co., Ltd /Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Өндірушінің мекенжайы: 129, Осеон-Донг, Гуанчсан-Гу, Гуанчжоу-Сити, 16677, Корея, Samsung Gwangju Electronics Co., Ltd

Зауыт орналасқан жер: «Самсунг Электроникс ХСМС СЕ кешені» ЖШҚ. Лот Л-11, Д2 көшесі, Сайгон жоғарғы технологиялар паркі, Танг Нхон Пху Б ауданы, 9-аймақ, Хошимин қаласы, Вьетнам

Импорттаушы және Қазақстан Республикасының аймағында пайдаланушылардың кінарат-талаптарын қабылдайтын мекеме: «Samsung Electronics Central Eurasia» (Самсунг Электроникс Центральная Евразия) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Желтоқсан көшесі, 115, 3-қабат

Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.

Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

СҰРАҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support
MOLDOVA	+373-22-667-400	www.samsung.com/support

DC68-04284E-01